

A 2010

3404

ӘОЖ 330:34.01:002.6

17.05.10

Қолжазба құқығында


БАЙШОЛАНОВА ҚАРЛЫҒАШ СОВЕТОВНА

**Электрондық бизнес дамуының және қызмет етуінің экономика-
теориялық аспектілері**

08.00.01 – экономикалық теория

Экономика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу
үшін дайындалған диссертацияның

Авторефераты



Қазақстан Республикасы
Алматы, 2010

330.34.01. [004:658]


Жұмыс Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінде орындалды

Ғылыми кеңесші:

Экономика ғылымдарының докторы
Әбішев Ә.Ә.

Ресми оппоненттер:

экономика ғылымдарының докторы
Аймағамбетов Е.Б.



экономика ғылымдарының докторы
Әубәкірова Ж.Я.

экономика ғылымдарының докторы
Урузбаева Н.Ә.

Жетекші ұйым:

«Тұран» университеті

Қорғау 2010 жылдың «25» маусымында сағат 14.00-де Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің жанындағы экономика ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін құрылған Д 14.02.01 диссертациялық кеңестің мәжілісінде өтеді, мекен-жайы: 050035, Алматы қаласы, Жандосов көшесі, 55, 144 бөлме.

Диссертациямен Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің кітапханасында танысуға болады.

Автореферат 2010 жылдың «14» мамырында таратылды

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы,
экономика ғылымдарының докторы

Темірбекова А.Б.

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасы әлемдік қаржылық дағдарыс кедергілеріне қарамастан мемлекетті тиімді басқару және отандық компаниялардың жетістіктерін көбейту шараларын белсенділікпен жүзеге асыруда.

Бизнесті дамытуда оны электрондық жолға ауыстыру үрдісі Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясын іске асыруды қамтамасыздандырудағы мемлекеттің және отандық компаниялардың басты мәселелерінің біріне жатады. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2006 жылғы «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақстанның әлемдік экономикаға ойдағыдай кіруі – елдің экономикалық дамуының сапалық серпілісінің негізі», – дей келе, «Біз Қазақстанды ғаламдық экономикалық үрдістерге сәйкес дамыған елдердің қатарынан көргіміз келеді. Әлемдегі жасалған жаңа мен озық атаулыны бойына сіңірген, дүниежүзілік шаруашылықтан шағын да болса өзіне лайық «орынын» иемденген, әрі жаңа экономикалық жағдайларға жылдам бейімделуге қабілетті ел болуын қалаймыз. Біз қатаң бәсекеге әзір тұрып, оны өз мүддемізге пайдалана білуіміз керек. Қазақстан көп тарапты халықаралық экономикалық жобаларға белсене қатыса алады, қатысуға тиіс те, өйткені олар біздің жаһандық экономикаға кіруімізге жәрдемдеседі әрі сол арқылы біздің қолайлы экономикалық-географиялық жағдайымызға және қолымыздағы ресурстарымызға сүйенеді. ... Жеке меншік бизнесті қолдаудың және оның тауарлары мен қызметін әлемдік рыноктарға жылжытатын мамандандырылған құрылымдар болуы шарт, мұндай ұйымдардың әлемдік тәжірибесін зерделеп, оны еліміздің жағдайына бейімдеуіміз керек¹», – деп және де осыған сәйкес 2010 жылғы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты кезекті Жолдауында алдағы міндеттердің біріне – өңірлік және әлемдік нарықпен интеграциялану – дамудың аса маңызды шарты екендігін тағы да атап өткен болатын.

Елбасының әрбір жылдардағы осындай Жолдауларымен қоса, «Нұр Отан» партиясының XII съезінде Қазақстандағы индустрализация әлемдік экономиканың қазіргі даму укладына сәйкес болуы үшін инновациялық индустрализация талаптарын орындап, отандық компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін арттырып, инновациялар мен адам капиталын инвестициялау, озық технологияларды қолдану арқылы ең тиімді компанияларға мемлекеттік мүлтіксіз қолдау көрсетілуі арқылы сыртқы нарықтың қызығушылығын тудыруы тиіс деген бірқатар міндеттер белгіленген болатын. Соған сәйкес, ел экономикасында тек ішкі нарықпен ғана шектелмейтін, сыртқы әлемдік нарыққа еркін шығатын ұлттық өнімдерді ұсынып, сатуда ешбір делдалсыз,

¹ Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы: ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана: Елорда, 2006. – 44 б.

тікелей тұтынушы мен өндіруші арасындағы байланысты орнататын электрондық бизнесті дамыту қазіргі уақыт талабына айналды. Ал қазіргі ТМД елдерінде, оның ішінде Қазақстанда да, электрондық бизнестің қалыптасып, қызмет етуі жеткілікті деңгейде жолға қойылмаған. Оны дамытудың экономикалық тұрғыдағы теориялық-әдістемелік жайлары толыққанды зерттелмегендігін ескерсек, диссертация тақырыбының аса өзекті мәселені көтеріп отырғандығын байқауға болады.

Электрондық бизнестің дамуы бірінші кезекте мемлекеттегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жетістіктерімен тығыз байланысты және осы тақырып төңірегіндегі еңбектерде ол дәстүрлі экономиканың баламасы бола алмайды және ол компанияларды жеке алғанда да, сондай-ақ, экономиканы тұтастай алғанда да бизнесті жүргізудің жаңа технологиясын жасаудағы жоғары нәтижелерге әкелетін мықты құрал деген түсінік пайда болды.

Бұрынғы бизнесті жүргізудің дәстүрлі сызбасы қатаң өзгерістерге ұшырап, жаңадан қалыптасып келе жатқан электрондық бизнес экономикалық өсуге, мемлекетаралық саясат пен халықаралық қатынастардың нығая түсуіне ықпал етті. Жағымды болжамдарға сай, экономикалық дағдарыстың әсері шығындарды үнемдеу мақсатында электрондық бизнестің қалыптасуын мәжбүр етіп, оның қызметі халықаралық қатынастардағы саясатты реттеуге және әлемдік нарықты капитализациялауды біршама көбейтуге жетелейді.

Бизнестегі өзгерістер тек қана ақпараттық технологияларға қатысты емес, ол бизнестің В2В, В2С түріндегі жаңа деңгейлік қатынастарға шығуына да байланысты. Бұл сонымен қатар, әлемдік экономиканың ғаламдануымен, капиталдың әлемдік нарықтарының интеграциясымен, трансұлттандырылуға ұмтылған компаниялардың құрылымдарындағы күрт өзгерістерімен, Интернет желілерінің тез ұлғаюымен, бизнес үрдістерінің айқындалуымен, дамуымен және т.б. анықталады.

Қатаң бәсекелестік жағдайларында жаңа ақпараттық технологиялардың қазіргі күнгі жетістіктерін қолдана отырып, В2В үлгісімен жұмыс жасайтын және В2С үлгісіне енді бағытталып келе жатқан трансұлттық компаниялар әлемдік бизнестің көшбасшысы болуға талпынуда. Енді олар брэндке ие бола отырып, инфрақұрылымдарға кететін шығындарды азайтатындай бүкіл әлемде бас компанияның маркасы көрсетілген тауарларды аутсорсинг арқылы өндіруді ұйымдастыруға мүмкіндік алды. Мұның бәрі бизнеске қатысты барлық үрдістерді толықтай жеделдетуге алып келді. Осыған байланысты экономикалық өсу де жылдамдатылды, яғни электрондық бизнес тізбек бойынша осылай барлығын да жеделдетті. Дегенмен мұндай жағдайда міндетті түрде жетік білімді мамандар мен сапалы басқару жүйесі де қарастырылуы қажет.

Тиімді қызмет атқаратын сапалы бизнес-үрдістерін құру – компанияның жетістіктерге жетудегі басты жолы және оған бүгінгі таңдағы нарықтың үлкен бөлігіне әйгілі тауар маркаларының арқасында қол жеткізуге болады. Әйгілі маркалы тауарлардың ұдайы тұтынылуы компанияның тұтынушылармен тығыз байланыс орнатуын ұзартады. Осының барлығы өз бизнесін жылдамдату арқылы қосымша табысқа ие болғысы келетін көшбасшы-компанияның

әрекетіне жатады. Сондықтан, оған қол жеткізу үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды негізгі құрал ретінде қолдану қажеттілігі туындайды.

Дәстүрлі экономика іскерлік қатынастар барысында желілік технологиялардың әсерінен инновациялық сипаттағы бизнес-үрдістердің алғышартын қалыптастырды. Интернеттің дамуы тұтынушылар мен өндірушілердің және басқа да серіктестердің өзара әрекеттесулері үшін жаңа мүмкіндіктер туғызды. Олар нақты компанияның ішінде жеке желілік ортаға бірігулері арқылы, бірлескен желі немесе Интернет желісінің негізінде әрекет етіп, әрі қарай компания жаңа құн мен қосымша табыс алудың жаппай технологиялық құрылымын жасады.

Интернет бизнестің жаңа инновациялық жағдайларын тудырып, электрондық экономиканың пайда болуының басты себебі ретінде қарастырылады. Әлемнің озық мемлекеттерінің тәжірибесі көрсеткендей, ол шапшаң өсумен, жұмыс орындарының көбейуімен, яғни іскерлік белсенділіктің артуымен ерекшеленеді. Сондықтан да Интернетке желілік технология ретінде ерекше назар аударылады.

Электрондық бизнесті ұйымдастыру теориялық және атап айтқанда әдіснамалық тұрғыда, оны ұғыну мен зерттеуді қажет етеді. Оның үстіне әсіресе, бизнесті құраушылардың диалектикасына арналған жұмыстар аз. Осы уақытқа дейін бұл тұрғыда капитал құрылымы өзгерісінің орны және бизнестегі осы өзгерістердің маңызы әлі де көрсетілмеген. Зияткерлік капиталдың дамуы, оның қазіргі таңдағы бизнестегі үлесі беделді түрде орын таппаған. Зияткерлік капитал мен бизнес нәтижелерінің өзара әсерлесуіне арналған зерттеулер жоқтың қасы. Бизнестің электрондық құрамдас бөліктерінің еңбек трансформациясына әсері туралы зерттеулер толық қарастырылмаған, әлі күнге дейін электрондық бизнестің экономика-математикалық және құрылымдық үлгілері жасалған жоқ, әрі электрондық бизнестегі экономикалық қатынастарды зерттеу де кезек күттірмейтін өзекті мәселелердің біріне жатады.

Электрондық бизнестің дамуында ондағы бизнес-үрдістер ерекше маңызға ие болса да, олардың теориялық-әдістемелік негіздемелеріне қатысты жұмыстар жеткіліксіз.

Сонымен қатар, электрондық бизнестің табысты қызмет етуіне оның алғышарттарының бірден-бір басты себебі болған экономикалық ғаламдану үрдісінің де маңызы зор. Бұл бизнес озық елдерде және Қазақстанда қалай дамып отыр, не себепті ол жоғары тиімділікті береді? – деген сұрақтарға берілетін жауаптар диссертациялық жұмыс тақырыбының аса өзектілігін одан әрі нақтылай түседі.

Мәселенің зерттелу және меңгерілу дәрежесі. Электрондық бизнестің дамуы мен қызмет етуінің экономикалық-теориялық аспектілері отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық және әдіснамалық мұраларын жүйелі түрде қолдануды қажет етеді. Қазіргі ақпараттық кеңістіктегі экономикалық жүйенің қызметінде жаңа технологияларды қолдану барысы, оның қоғам өміріндегі орны мен маңызы туралы, соның нәтижесінде электрондық бизнестің қалыптасқандығы жайлы шет елдік және ресейлік ғалымдар тарапынан ғылыми зерттеулер жүргізіліп, еңбектер жазылуда.

Диссертациялық зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізін жасауда электрондық бизнестің даму, қалыптасу тарихы капитал құрылымының, оның ішінде зияткерлік немесе білім капиталы жетістіктерімен сабақтастығын ескерсек, бұл төңіректе, әсіресе жалпы капитал жайында, оның құрылымына, мазмұнына қатысты отандық ғалымдардан Я.Ә. Әубәкіровтың, Ә.Ә. Әбішевтің, Е.Б. Аймағамбетовтың, Р.А. Алшановтың, Ж.Я. Әубәкірованың, О.Б. Баймұратовтың, Ф.М. Дінішевтің, Р.Е. Елемесовтың, М.Б. Жатқанбаевтың, Ұ.М. Искаковтың, Қ.Е. Кубаевтың, Д.К. Қабдиевтің, А.Қ. Қошановтың, А.Б. Майдырованың, Н.К. Нұрланованың, А.Ш. Нұрсейіттің, Қ. О. Оқаевтің, П.С. Пасеченконың, А.А. Рамазановтың, К.Ә. Сағадиевтің, О. Сәбденнің, С.С. Сатыбалдиннің, Т.С. Сатқалиеваның, А.Б. Темірбекованың, М.С. Төлегенованың, А.К. Тұрғұлованың, Н.Ә. Урузбаеваның, Ө.Қ. Шеденовтың, Б.П. Чумаченконың және т.б. ғалымдардың еңбектері, сондай-ақ, шетелдік ғалымдар: Дж. Гэлбрейт, Э. Брукинг, В. Малон, П. Силливан, М. Фридман, Л. Эдиссон еңбектерінен туындап, Ресей ғылымында зияткерлік капиталды О. И. Ананьиннің, Л.С. Бляхманның, В.П. Баговтың, И.А. Бланктың, В. Глуховтың, В.С. Ефремовтың, В. Л. Иноземцевтің, А.Н. Козыревтің, Б.Б. Леонтьевтің, Ю.Б. Леонтьевтің, А. М. Макаровтың, В.Л. Макаровтың, В.И. Романчиннің Е.Н. Селезнёвтің, В.С. Ступаковтың, В.Т. Смирновтың, И.В. Скоблякованың, К.А. Хубиевтің және тағы басқа да ғалымдардың еңбектерінде қарастырылды.

Осы ғылыми еңбектердің жалғасы ретінде қалыптасып, бастау алған жаңа зерттеу бағыттары электрондық экономика немесе желістік экономика, электрондық бизнес, электрондық коммерция туралы ғылыми зерттеулер жүргізілді. Оған Б. Гейтстың, Л. Клайнның, Р. Калакотаның, М. Кастельстің, Д. Козьенің, А. Винстонның, Г. Минстың, Д. Шнайдердің, Д.Эймордың, К. Пэйтелдің, М. Рейнольдстің, Т. Стюарттың, Т. Уилсонның, М. Хаммер мен Д. Чампидің еңбектерін атасақ, ТМД бойынша И.Т. Балабановтың, Л.А. Брагиннің, Н.И. Геращенконың, А.А. Ищенконың, А.А. Контаревичтің, Р. Костяевтің, В.П. Попковтың, К.А. Петровтың, Л.Д. Рейманның, С.Н. Смирновтың, А.Н. Соколованың, И.А. Стрелецтің, И. Успенскийдің, В.В. Царевтің, А.В. Юрасовтың еңбектері жатса, Қазақстандағы электрондық, желілік экономикаға қатысты зерттеулер отандық зерттеуші ғалымдар Е.Б. Аймағамбетовтың, Р.А. Алшановтың, С.С. Мәуленованың, А.Ю. Родионовтың еңбектерімен дамып, кеңейе түсуде. Дегенмен, отандық экономика ғылымында электрондық бизнес туралы теориялық тұрғыдағы зерттеулер, оның зияткерлік капиталмен сабақтастығы, қоғамды ақпараттандыру жағдайындағы электрондық бизнестің орны туралы мәселелер, оған мемлекет тарапынан реттеулер әлі де болса осы тақырыптағы ғылыми іздену жұмыстарының қажеттілігін көрсетеді.

Электрондық бизнестің көп қырлылығы, оның күрделілігі қазіргі қолда бар теория мен әдістемелерді жеткілікті деп есептеуге негіз бола алмайды. Электрондық бизнестің экономикалық және әдіснамалық аспектілері әлі де біраз уақыт талқылауға ұшырайды. Бизнес қосымша табыстарды «ізвестіруді» жалғастыра беретіндіктен, ол қоғамдағы алға басудың бейнесі ретіндегі ұмтылысты білдіреді. Алайда бизнеске электрондық түрде қызмет көрсету

алдағы уақыттарда әлі де жетілдіре түсуді қажет ететіндіктен, осындай шаралар зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін таңдауды алдын-ала анықтауға себеп болды.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық зерттеудің мақсаты Қазақстандағы электрондық бизнестің қалыптасуы мен қызмет етуіне кешендік талдау жүргізу және оның арнайы қағидаларын, сандық және сапалық сипаттамаларын анықтау арқылы өндіріс факторлары мен ғылыми-техникалық прогресс динамикасында әрі қарайғы жетілдіруге және дамытуға бағытталған теориялық-әдіснамалық, әрі ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан негізделген өңдеулер мен ұсыныстарды айқындау.

Алға қойылған мақсаттарға жету үшін келесі мәселелерді шешу көзделді:

- электрондық бизнеске қазіргі күнгі көзқарастарды қорытындылап, оған толық анықтама беру және оның қызмет ету принциптерін дәлелдеу;
- бизнеске қатысатын капитал құрылымының трансформациясын зерттеу;
- бизнестегі еңбек трансформациясын және оның қазіргі уақыттағы жағдайын зерттеу;
- электрондық бизнестің өндірістік функциясын жасау;
- экономикадағы ғаламдану және ақпараттандыру үрдістерін электрондық бизнестің қалыптасуының алғышарты ретінде зерттеу;
- электрондық бизнес пен коммерциядағы бизнес-үрдістерінің әдіснамалық аспектілерін жасау;
- электрондық бизнестің құрылымдық үлгісін жасау;
- электрондық бизнестің дамуына мемлекеттің ықпалын күшейтуге арналған ұсыныстарды жасау;
- әлемнің түрлі елдеріндегі электрондық бизнестің дамуына экономикалық талдау жасау;
- электрондық бизнестің экономикалық тиімділігін негіздеу;
- қазақстандық компаниялар үшін электрондық бизнесті енгізуге байланысты шараларды ұсыну.

Зерттеу нысаны – Қазақстан Республикасындағы электрондық бизнес субъектілері – ақпараттық қоғам, электрондық мемлекет және электрондық бизнеспен айналысушы компаниялар.

Зерттеу пәні – электрондық бизнестің қалыптасуы мен қызмет етуі барысында туындайтын экономикалық қарым-қатынастар.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі. Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізіне отандық және шетелдік экономист-ғалымдардың, зерттеушілердің тарапынан дәстүрлі және электрондық бизнестің дамуы, оның тиімділігі мәселелеріне арналған ғылыми еңбектерінің нәтижелері пайдаланылды.

Зерттеу барысында жүйелік ыңғай, үлгілеу, талдау және синтез, ғылыми абстракция, жүйелеу мен жіктеу, индукция және дедукция түріндегі жалпы ғылыми әдістер қолданылды.

Электрондық бизнесті зерттеу барысында әлемдік ғылым мен тәжірибенің жетістіктері, Қазақстан экономикасының жағдайы және ерекшелігі ескерілді. Диссертацияны жазуда бизнестегі өзгерістерді, осы өзгерістің

жылдамдықтарын және олардың бизнестің құрамдас бөліктеріне әсерін барынша көрсетуге талпыныс жасалды.

Зерттеудің ақпараттық базасы ретінде ақпараттандыруға арналған Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік актілері, Қазақстан Республикасының статистикалық Агенттігінің сандық мәліметтері, түрлі деңгейдегі ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, сондай-ақ электрондық бизнестің қызмет етуі жайлы сұрақтарды қамтитын жергілікті және шетелдік басылымдардағы мақалалар және т.с.с. пайдаланылды.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы электрондық бизнестің қалыптасып, ұйымдастырылуы мен қызмет етуінің теориялық, тәжірибелік мәселелерін кешендік тұрғыда шешуден және электрондық бизнестің орнықты дамуын қамтамасыз ететін әдістер мен формаларды жетілдіруге ұсыныстар жасаудан тұрады.

Диссертациялық зерттеу барысында келесідей ғылыми нәтижелер алынды:

– ғаламдану жағдайындағы коммуникациялық жүйе арқылы бизнес-үрдістердің сапасын, стандартталуын қамтамасыз ететін ақпараттық технологиялардың көмегімен жүзеге асатын электрондық бизнестің авторлық анықтамасы ұсынылып және виртуалдық компаниялардың қызмет ету ерекшеліктері анықталды;

– бизнестегі барлық үрдістердің электрондық тәсілмен ұйымдастырылуына алып келген басты себептер – капитал құрылымының, еңбектің және ғылыми-техникалық прогресстің трансформацияларының теориялық тұжырымдарының бірігуін білдіретін ғылыми концепция өңделіп, ұсынылды. Соңғы жүз жылдықтың ішінде табиғи капиталдың 80 пайыздық үлесі мен зияткерлік капиталдың 20 пайыздық үлесі енді керісінше, осындай сәйкестіктегі қатынастың 30 және 70 пайыздық үлестеріне өзгергендігі негізделді. Сол себепті, осы уақыт аралығындағы бизнес – сапа, стандарттау және бизнес-үрдістерді жылдамдату сатыларынан «өтіп», бұрынғы капиталды басқару енді білімді басқаруға ұласқандығы және шартты түрде зияткерлік капиталдың ішкі құрылымдық элементтері ақпараттық технологиялардың жетістіктерінің арқасында электрондық бизнестің алғышарты болғандығы көрсетілді;

– электрондық бизнестің еңбек трансформациясындағы сатылық ыңғайға ықпалы зерттелді. Адам бойындағы табиғи күш еңбегінің басымдығына қарағанда, зияткерлік сипаттағы еңбегі басым болып, ол басқаруға дейін өзгергендіктен, қоғамның технологиялық дамуының сатылары бизнестегі еңбек сипатымен, яғни қол еңбегінен бастау алып, механизация, автоматтандыру, ақпараттандыру, желілік технология жетістіктері мен биотехнология, нанотехнология жетістіктерін қамтитын зияткерлік еңбектің трансформациясы көрсетілді.

– электрондық бизнес ғаламдану тұсындағы өндіріс факторларының халықаралық деңгейдегі жылжымалы жағдайында тиімді жұмыс жасайтындықтан, экономикалық ғаламдану үрдісі электрондық бизнес шарттарының бірі екендігі негізделді. Электрондық бизнестің әдіснамасының құрылымы өңделді. Соның негізінде электрондық бизнес пен электрондық коммерцияның принциптері айқындалып, ұсынылды;

– электрондық бизнестің өндірістік функциясының математикалық үлгісі өңделді. Үлгінің мәні, қазіргі өндіріс факторлары: капитал мен еңбектің – табиғи және зияткерлік болатын түрлері қарастырылып, ғылыми-техникалық құрамдастың – ақпарат пен білім болып бөлінуінде жатыр. Өндірістік функцияның параметрлері өндіріс факторларына сәйкес, экономикадағы инновациялық кезеңдегі технологиялық жағдайды анықтайды;

– электрондық бизнестің өндірістік функциясының математикалық үлгісі негізінде құрастырылған электрондық бизнестің құрылымдық сипаттағы экономикалық үлгісі жасалды.

– электрондық бизнесті мемлекеттік реттеуге және оны алға жылжытуға, ел тұрғындарын Парламентпен, Үкіметпен және Қазақстан Республикасының компанияларымен ғаламдық ақпараттық Интернет желісі арқылы тікелей байланысып, жұмыс жасай білуге дайындау, әрі мемлекеттік басқаруда ақпараттық технологияларды тығыз қолдану қажеттілігі, «Электрондық бизнеске салық салу туралы», «Зияткерлік меншік құқығын қорғау және салық төлеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарының жобаларын енгізу жолдары ұсынылды.

– экономикалық тиімділігі дәстүрлі бизнеспен салыстырғанда өзгеше болатын, яғни бастапқы аз шекті табыстың біртіндеп өсіп, шығындардың төмендеуімен және еңбек өнімділігінің өсуімен анықталатын электрондық бизнестің экономикалық тиімділік ерекшелігіне негіздеме жасалды. Электрондық бизнестің шекті табыстылығы табыс-шығын қисығының кенеттен «жоғарырақ тік көтеріліп» және оның жоғары бөлігінде төмен иілу нүктесінің болмауы салдарынан шығындардың біршама азайып және табыстың көтерілетіндігі теориялық тұрғыда негізделді. Бұл жағдай бизнес-үрдістердің ақпараттануы арқасында өнімділік артып, шығындардың елеулі түрде азаятынын және дәстүрлі бизнеспен салыстырғанда қарама-қайшы құбылыстың болатынын білдіреді;

– біліктілік есебін бағалаудың СВА (біліктілікті бағалау) әдістемесіне сүйене отырып, адам капиталын бағалау әдістемесі негізінде адам капиталы дамуының индексі бағаланады. Бұл индекс арқылы менеджердің атқаратын өз қызметіне сәйкес білімін белгілеу матрицасы жасалып, оның біліктілік деңгейін анықтау ұсынылды.

– қазақстандық компанияларда электрондық бизнесті енгізудің реттелген тізбекті шаралары ұсынылады.

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар.

1. Бизнес технологиясы мен оны ұйымдастырудың өзгеруіне байланысты мәні экономикалық ғаламдану, сапа, стандарттау және бизнес-үрдістердің жылдамдатылуы барысында ақпараттық технологиялардың бизнес-үрдістерге қызмет көрсетуіне алып келген электрондық бизнестің авторлық анықтамасы.

2. Нәтижесі желі арқылы қосылған құн қоғамдастығы түріндегі бизнес-үрдістерді ұйымдастыруға және дәстүрлі компаниялардың өнімге деген өз маркаларын сақтай отырып, декапитализациялануына алып келген капитал құрылымының, еңбектің және ғылыми-техникалық прогрестің трансформацияларының теориялық тұжырымдарының бірігуін білдіретін ғылыми концепция.

3. Электрондық бизнесті ұйымдастырудың әдіснамалық ыңғайы негізінде айқындалған электрондық бизнес пен электрондық коммерцияның қызмет ету принциптері.

4. Компанияның экономикалық жағдайын бағалап, ондағы үрдістерді сипаттайтын өндірістік функция түрінде өңделген электрондық бизнестің экономика-математикалық үлгісі.

5. Мақсаты электрондық бизнестегі үрдістерді және оның экономикалық механизмдерін ауқымды түрде сипаттай отырып, өндірістік функцияның математикалық үлгісін қамтитын электрондық бизнестің қызмет етуінің экономикалық құрылымдық үлгісі.

6. Екі бөліктен тұратын адам капиталын бағалау әдістемесі:

а) қызметкердің біліктілігін бағалау;

б) менеджердің нақты қызмет атқару талаптарына сәйкес білімін бағалау.

7. Электрондық жағдайдағы табыстың шектілік нүктесінің болмауынан және бизнес жылдамдығының «үдемелілігінен» табыстың кенеттен «жоғарырақ тік көтеріліп» бизнес тиімділігінің арту себептерін математикалық өрнектеп сипаттау арқылы электрондық бизнесте дәстүрлі бизнеске қарағанда табыстың шектілігінің орнына, оның өспелілігі байқалып, «табыс-шығын» қисығында «иілу» нүктесінің болмауын теориялық түрде негіздеу.

8. Қазақстандағы электрондық бизнесті өркендету мақсатында «Электрондық бизнеске салық салу туралы», «Зияткерлік меншік құқығын қорғау және салық төлеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарының жобаларын енгізу қажеттілігін ұсыну.

Зерттеу нәтижелерінің теориялық және тәжірибелік маңызы. Диссертациялық жұмыста жасалған ғылыми нәтижелердің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы бүкіләлемдік Интернет жүйесінің қызметінен қалыспай, онымен бірге ілесіп келе жатқан Қазақстандағы электрондық бизнестің дамуын жылдамдатып, оның қызметін кеңінен қолдануға бағытталған ғылыми және тәжірибелік ұсыныстардың тұжырымдалуымен анықталады. Ғылыми жаңалыққа жататын автордың жасаған ғылыми ұсыныстары, теориялық тұжырымдамалары мен түйіндері инвестициялық тартымдылық пен бәсекеге қабілеттілікке бағытталған электрондық бизнесті қалыптастырып жылдам дамытуда:

– электрондық бизнестің қалыптасу шежіресінің заңдылығы мен ондағы экономикалық қатынастар сипатының экономика-теориялық негізін тереңірек түсінуге;

– отандық компаниялардың әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілігін арттырып, бизнес тиімділігін біршама көтеруге;

– мемлекеттік басқару ұйымдары қызметтерінің ашықтығын, сәйкестілігін күшейтіп және тиімділігін арттыруға;

– тұрғындардың әкімшілік басқару ұйымдарымен, бизнес құрылымдарымен тікелей байланысып, қанағаттануын және сол мақсаттағы компьютерлік сауаттылығын көтеруге;

– халықтың өмір сүру деңгейінің жоғарылауына сәйкес, отандық компаниялардың әлемдік қосымша өнімге және трансұлттандыру үрдісіне

қатысуда бәсекелестік артықшылықтарын күшейтуді көздейтін қызметтерде пайдаланылады.

Қол жеткізген қорытындылар мен ұсыныстарды әдіснамалық база ретінде қолданбалы деңгейдегі сәйкес зерттеулерді жүргізуде қолдануға болады. Адам капиталын бағалауды зерттеудің нәтижелері 2007 жылғы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің гранты бойынша, автордың (орындаушылардың бірі ретінде) қатысуымен жасалған «Ұлттық бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ететін фактор ретіндегі шаруашылық жүйесінің инновациялық белсендігін жоғарылату бағыттарын және механизмдерін негіздеу» атты ғылыми-зерттеу жұмысында пайдаланылды. Зерттеудің ғылыми нәтижелерін Қазақстан Республикасының Жоғарғы оқу орындарында келесі пәндер бойынша: Микроэкономика, Ұлттық экономикасының негіздері, Зияткерлік меншік, Желілік экономика, сонымен қатар Макроэкономика, Бизнесті ұйымдастыру, Кәсіпорын экономикасы, Фирманың экономикалық стратегиясы, Менеджмент, Ақпараттық менеджмент, Экономикадағы ақпараттық жүйелер секілді пәндерді оқытуда пайдалануға болады.

Диссертациялық зерттеудің тәжірибелік маңызы компаниялар мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару ұйымдарында электрондық бизнесті дамытуға ықпал етуімен анықталады.

Зерттеу нәтижелерінің мақұлдануы және енгізілуі. Зерттеу нәтижелерінің жеке қағидалары Атыраудағы «Ембіведойл» бірлескен мұнай өндіру кәсіпорынында, «НефтеГазСервис ЛТД» ЖШС-де және «AGROCAPITAL INDUSTRIES LLP» фирмасында, сонымен қатар Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ-нің «Ұлттық экономика негіздері» мен «Микроэкономика» курстары бойынша оқу үрдісінде енгізіліп, магистранттарға арналған «Зияткерлік меншік: мазмұны, қорғау мәселелері» курсының оқу-әдістемелік кешені жасалып, жарияланды.

Диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері: «Қазіргі жағдайдағы энергетика, телекоммуникация және жоғарғы білім атты 3-ші Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда» (Алматы, қазан 2003 ж.), «Үдемелі модернизациялау жолындағы экономикалық бағдарлар» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда (Алматы, Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ, 2005 ж.), «Тұрақты даму контекстіндегі ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда (Алматы, С. Демирал атындағы университет пен Абай атындағы ҚазҰПУ, желтоқсан 2005 ж.), «Қазақстан: бәсекеге қабілеттілік және модернизация» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда (Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ-дегі алғашқы Рысқұлов оқулары, Алматы, мамыр 2006 ж.), «Мұнай мен газ өндіру экономикасының, экологиясының, технологиясының, мұнай-газ кешендеріндегі құрылымдардың құрылуының және машина құрудың өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда (Атырау, қыркүйек 2006 ж.), «Брюссель – Эврика - 2006» атты 55-ші Бүкіләлемдік инновациялар, ғылыми зерттеулер және жаңа технологиялар атты Салонында (Брюссель, қараша 2006 ж.), профессор Д.К. Қабдиевтің 80-жылдығына арналған «Қазақстандағы экономикалық ойлардың дамуы» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда (Алматы, қазан

2006 ж.), «Үзіліссіз экономикалық білім беру: модернизация, үзіліссіз білім беруге оқыту» атты ІІ Республикалық оқу-әдістемелік конференцияда (Алматы, қаңтар 2007 ж.), «Үздіксіз экономикалық білім беру: оқытуды жаңарту және әдістемелік қамтамасыз ету» атты ІІІ Республикалық оқу-әдістемелік конференцияда (Алматы, қаңтар 2008 ж.), аль-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің 75-жылдығына арналған «Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігі: ұлттық экономиканы модернизациялаудың жылдамдатылуы мен бірлескен құрылымдардың дамуы» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда (Алматы, қараша 2008 ж.), «Үздіксіз экономикалық білім беру: оқытуды әдістемелік қамтамасыз ету және модернизациялау» атты ІV Республикалық оқу-әдістемелік конференцияда (қаңтар 2009 ж.), «Ғаламдық экономикалық дағдарыс: себептері, мәні және еңсеру жолдары» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда (Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ-дегі Төртінші Рысқұлов оқулары, Алматы, мамыр 2009 ж.), «Негізгі қорлардың модернизациясы – тұрақты экономикалық дамуға өтудің негізі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда (Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ, Алматы, қыркүйек 2009 ж.), «Қишлоқ тараққиути ва ахоли турмуш даражасини оширишда банк-молия тизимининг урни» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда (Ташкент, қазан 2009 ж.) баяндалып, талқыланды.

Зерттеу нәтижелерінің басылымдары. Диссертацияның тақырыбы бойынша жалпы көлемі 54,34 баспа бет 40 ғылыми жұмыс басылымға шыққан.

Диссертацияның құрылымы. Диссертацияның құрылымы кіріспеден, 4 тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық даму кезеңіндегі жетекші тенденциялардың бірі болатын ғаламдану үрдісі халықаралық экономикалық қатынастарға қатты әсер етіп, дәстүрлі экономиканы көптеген жақтардан өзгертті. Нәтижесінде әлемдік сауда және қызмет көрсету түрлері өсіп, капитал мен жұмыс күшінің мемлекетаралық ығысуы, нарықтардың, компаниялар мен өндіріс тізбектерінің қосылуы, мемлекеттердің экономикалық шекараларының айқындықтары арта түсті. Осыған сәйкес, ғаламдану жағдайындағы ақпараттық технологиялар постиндустриалдық экономиканың жетістіктерінің бірі ретінде, қолдану салаларының шеңберін кеңейтіп, бизнестің компьютерленуі халықаралық экономикалық қатынастардың сапасын жақсартты.

1995 жылдан бастап дамыған электрондық бизнес, әртүрлі ауқымдағы бизнес-үрдістердің жасалуы мен дамуы үшін ең тиімді шараларды қалыптастырып, ғаламдық ауқымдағы бизнесті жүргізу құралына айналды.

Электрондық бизнес терминін экономикалық құбылыстағы мазмұнды ұғым ретінде қарастырсақ, отандық және шетелдік авторлардың позицияларын менгеріп, талдау арқылы оның жаңа анықтамасын авторлық түсініктемеде былай беруге болады: «Электрондық бизнес – бұл ғаламдану жағдайындағы ақпараттық технологиялар негізінде өнімді дайындауды, өндіруді және тұтынушыларға өткізуді коммуникациялық желілер арқылы ұйымдастырып, бизнес-үрдістердің сапасын, стандартталуын және жеделдігін қамтамасыз

ететін, әрі компанияның шығындарын азайтып, пайдасын ұлғайтатын және бәсекелестік басымдылыққа мүмкіндік беретін үрдіс».

Электрондық бизнес үрдісі оған қатысушылар құрамы бойынша атқарылып, олардың өзара байланыстары мен қатынастары және әрекеттері электрондық кеңістікте жүзеге асады. Осы қатынастар мен әрекеттер ондағы қатысушылардың жіктелік белгілері бойынша электрондық бизнестің 1-кестеде келтірілген үлгілерін құрайды.

1- кесте – Электрондық бизнестің үлгілері

Электрондық бизнес субъектілері	Мемлекет (G)	Компания (B)	Тұтынушы (C)	Нарық (E)
Мемлекет	G2G немесе P2P	G2B	G2C	G2E
Компания	B2G	B2B немесе P2P	B2C	B2E
Тұтынушы	C2G	C2B	C2C немесе P2P	C2E
Нарық	E2G	E2C	E2C	E2E немесе P2P

Ескерту – Электрондық бизнесті зерттеушілердің еңбектері негізінде құрастырылған

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының жаңа тенденциялары көрсеткендей электрондық бизнестің қалыптасуына өндіріс факторларының трансформациялануы себеп болып, ондағы капитал түсінігінің жаңа бағыттары мен қағидаларын анықтаудың қажеттілігі туындады. Бизнес үрдісіндегі өндіріс пен капиталдың трансұлттануы барлық әлемдік шаруашылық жүйесін дамытудың пропорциясын және белгілі дәрежедегі қарқынын анықтайтын факторға айналды.

Сонымен қатар, жаңа технологиялардың қарыштап дамуына байланысты, экономиканың өткен даму сатыларымен салыстырғанда капиталдың мәні мен мағынасы тереңдеп, кеңейе түсті. Қазіргі уақытта мемлекеттің экономикалық өркендеуі капиталдың шамасы мен құрылымына, оның жинақталу мөлшеріне тікелей байланысты болып отыр.


Жалпы, капитал игілік ретінде, тікелей тұтынылатын немесе табыс ретіндегі көлемінің әрі қарай ұлғаюды көздейтін мақсаттағы басқару нысанына саналатын қасиеттерге ие болады. Оған тағы да капиталдың динамикалық қасиетінің болатынын айтуға болады. Шындығында да, уақыт өте келе, тарихи кезең бойынша капиталдың мәні мен құрылымы өзгере бастады. Экономикалық мектеп өкілдерінің XV-XX ғасырлар аралығындағы капиталдың өзгерістеріне қатысты көзқарастарын жүйелей отырып, одан кешегі табиғи капиталдың біртіндеп, абстрактілі күш капиталына трансформацияланғанын байқаймыз. Капиталдың динамикалық қасиетін қарастырғанда, уақытқа байланысты, оның құрылымы динамикалық нысан ретінде сыртқы әсерлерге ұшырап, мәні мен мағынасын өзгерткені байқалады. Оны келесідей математикалық үлгі арқылы көрсетуге болады:

$$K' = F(K(g_i), t) \text{ немесе } K' = \frac{dK(g_i)}{dt}, \quad (1)$$

мұндағы K' – капитал құрылымының қандай да бір жаңа, туынды түрі,
 g_i – жаңа капитал құрылымына әсер етуші i - факторлар векторы,

t – капитал құрылымы өзгерісінің уақыты.

Берілген уақыт мезетінде, капиталға әсер етуші факторлар арқылы түрленген капиталдың болашақтағы мәнін, құрылымын анықтауға болады. Сондықтан капиталдың уақытқа, экзогенді және эндогенді факторларға байланысты тәуелділігі, яғни оның динамикалық сипаты 1-суретте көрсетілгендей анықталады.



1- сурет – Капитал құрылымының уақыт бойынша динамикалық жағдайы

Ескерту – автормен әзірленген

1-суреттегі $S_1(X, t_1)$ – капитал құрылымының бастапқы жағдайы;

$S_n(Y, t_n)$ – капитал құрылымының қазіргі жағдайы;

X – капитал сипатының бастапқы векторы;

Y – капитал сипатының соңғы (қазіргі) векторы;

t – экономисттердің көзқарасы тұрғысынан капитал құрылымының өзгеру уақыты;


$L(S_i, t_i)$ – капитал құрылымының уақыт бойынша динамикалық жағдайы;

S_i – капитал құрылымы.

Білім экономикасына негізделген қазіргі жағдайдағы біліктілікті қалыптастыруға жұмсалатын барлық шығындар тұрақты капиталға жатады. Оның ғылыми-техникалық прогресстің дамуына байланысты деңгейі өсіп, зияткерлік капитал секілді капиталдың түрі қалыптасты.

1980-1990 жылдарда басталған бесінші уклад ақпараттық технологияларға негізделген – электрондық өнеркәсіп, есептеу техникалары, ақпараттық қызметтер, телекоммуникациялар және электрондық бизнес арқылы капиталдың мәні мен құрылымына қатты әсер етті. Нәтижесінде қоғамның экономикалық өмірінде тұтыну мен өндірісті жеке тұлғаларға бағыттау, өндіріс үрдісін автоматизациялау, басқарудың жаңа деңгейі пайда болды. Оны 2-суретте ұсынылып отырған, білімді басқару жағдайындағы бизнес технологиясының өзгеру үлгісі растай түседі.

Ақпараттық технологиялардың бизнес-үрдістерде қолданылуы оны электрондық үрдіске айналдырды. Электрондық орта нақты бизнесті интерактивтілікпен, әрекеттердің жылдамдатылуымен, ақпараттың толықтығымен, арақашықтықтан тәуелсіз және тәулік бойына байланысқа түсу мүмкіндіктерімен қамтамасыздандырылған виртуалдық ортамен жабдықтап, бизнесті жеделдету үрдісі басталды.



2-сурет – Білімді басқарудағы бизнес технологиясының өзгерісі

Ескерту – автормен әзірленген

Осындай бизнес-үрдісін ендіруде материалдық капиталмен қатар, электрондық ортада жұмыс жасау талаптарына байланысты, білім капиталы да қажеттілікке – өндіріс факторына айналды. Осыдан, ақпараттық технологиялардың пайда болуы капиталдың жаңа түрі – зияткерлік капиталдың қалыптасуының алғышарты болып, XIX ғасырдағы капиталдан XX ғасырдағы капиталдың мәні мен құрылымы айрықша бола бастады.

Капиталдың даму динамикасы көрсеткендей, оның табиғи түріндегі құрылымында зияткерлік капитал болатын ішкі құрылым туындап, енді адамның ақыл-ой қабілеті де қосымша құнға есептеле бастады.

Қазіргі капиталдың құрылымы бұрынғыдан айтарлықтай өзгерді. Егер де табиғи капитал өткен уақыттағы қызметтердің нәтижесі болса, ал зияткерлік капитал өткен кезеңдегі инвестициялар арқылы қалыптасқанымен, ол болашаққа бағытталады. Табиғи капиталды бағалау кезінде жасалған шығындар есептелсе, зияткерлік капиталды бағалау үшін оның болашақтағы пайдалану бағасы негізінде қалыптасатын құны ескеріледі.

Зияткерлік капиталдың құрылымдық элементтері, әсіресе адам капиталының үздіксіз білім алу, біліктілікті көтеру, зияткерлік қабілет секілді элементтеріне ұйымдастырушылық капиталындағы ақпараттық технологиялар мен желілік байланыстарды және тұтынушылық капиталдағы барлық

элементтерді (жарнама, брэнд, тұтынушымен тікелей байланыс) біріктіргенде, осылардың барлығы электрондық бизнестің дамуына жол салды.

Капитал құрылымының дамуы электрондық бизнестің қалыптасуының алғышарттарына айналса, өндірістік фактордың келесі түрі – еңбек, ол да трансформациялану арқылы бизнестің дамуына өз әсерін тигізді.

Қазіргі зерттеушілердің еңбектеріне негізделіп қарастырылған «инновациялық экономика» концепциясында қоғам дамуының: индустриалдық (еңбектің механизациялануы мен автоматизациялануы), постиндустриалдық (еңбектің ақпараттануы) және инновациялық (еңбектің зияткерлік сипаты) деген үш кезеңдері бөліп көрсетіледі. Бұл концепцияның негізгі мазмұны қоғамдық дамудың инновациялық-өндірістік және жеке тұлғалық сипаттағы біртұтас үрдіске негізделетіндігінде. Себебі әлемдік тәжірибеден байқағандай, жеке тұлғалық білімге негізделген экономикада инновациялық даму жолына басқа балама жолдар болмайды. Инновациялық қоғамның қалыптасуы еңбекшілердің зияткерлік саладағы қызметкерлерге айналуына және зияткерлік капиталды ұдайы өндірудің маңыздылығын көтеруге негізделді. Бұл жерде ғаламдық деңгейде мәліметтерді алмастырудың ақпараттық-коммуникациялық желілері қолданыла бастады.

Қоғам қажеттіліктерінің дамуы, оның үздіксіз үрдістегі тоқтаусыз динамикалық жағдайы әрқашан еңбектің жаңа, басқа түрін туындатып, осыған сәйкес 2-кестеде көрсетілгендей жаңа өндіріс факторлары қалыптасты.

2-кесте – Қоғамның технологиялық дамуының сатылары

Даму сатылары		Уақыт мерзімі	Технологиялық даму түрлері	Өндірістік факторлар
I	Индустриалдық экономика	1800-1900 жылдар (XIX ғасыр)	Механизацияландыру	Табиғи еңбек пен табиғи капитал (80%), ақыл-ой капиталы (20%)
II		1900-1950 жылдар 1950-1980 ж. (XX ғасыр)	Автоматтандыру Микроэлектроника	Табиғи еңбек пен табиғи капитал (50%), ақыл-ой капиталы (50%)
III	Постиндустриалдық экономика	1980-2000 жылдар	Ақпараттандыру	Табиғи еңбек пен табиғи капитал (30%), зияткерлік еңбек пен зияткерлік капитал (70%), ақпарат басымдылығы
IV	Инновациялық экономика	2000-2030 жылдар (XXI ғасыр)	Желілік технология (электрондық бизнес), биотехнология, нанотехнология	Табиғи еңбек пен табиғи капитал (30%), зияткерлік еңбек пен зияткерлік капитал (70%), ақпарат және білім басымдылығы
Ескерту – автормен әзірленген				

Егер ғылыми-техникалық прогрестегі революциялық төңкерістердің әрқашан да маңызды болғандығын ескерсек, ол ғылым мен техниканың өзара байланысының ілгері дамуына басты себепші болып, әрі еңбек құралдары мен өндіріс үрдісіндегі адамдардың арақатынастарының да өзгеріп, дамуына әсер етті.


Экономиканың индустриалдық, постиндустриалдық және инновациялық даму сатылары еңбек трансформациясына алып келді. Оның мақсаты – материалдық құндылықтарды жасауда табиғи заттарды өңдеумен қатар, ақыл-ой қызметі, білім және интеллект көмегімен қоғам қажеттіліктерін қанағаттандыру болды.

Ақпараттандырудың даму сатысында ақпарат, ой-пікірлер, ноу-хау және т.б. еңбек затына айнала бастады. Олар бір мезетте еңбек құралдары, әрі еңбек нәтижелері де болып қалыптасты. Жұмысты творчестволық тұрғыдан қарастыру еңбектің дәстүрлі мазмұнын өзгертті. Инновациялық экономикадағы ғылыми-техникалық революцияның нәтижесі – мамандардың білімділік пен зияткерлік дайындықтарын талап етті. Сөйтіп, еңбек түрі мен оның заттары және оны ұйымдастыру түрлері өзгерді. Бұдан байқайтынымыз, ғаламдану жағдайындағы желілік технологиялардың экономиканың барлық салаларында қолданыла бастауынан туындаған электрондық бизнес ортасы ертеректегі табиғи капитал мен табиғи еңбек түрлерінің зияткерлік капитал мен зияткерлік еңбектің, оның ішінде білімділік пен ақпаратқа ие болу мүмкіншіліктеріне трансформацияланғанына көз жеткіземіз. Демек, электрондық бизнестің өндірістік функциясының құрамында зияткерлік капитал мен зияткерлік еңбектің қатарында ақпарат пен білімді де есепке алу қажеттілігі туындайды.

Электрондық бизнестегі құбылыстарды меңгеуде оның әдіснамасын қарастыру қажет. 3-суретте көрсетілген электрондық бизнестің әдіснамасы оны қолданудағы және ұйымдастырудағы экономикалық қатынастар мен үрдістерді тану тәсілдері мен ыңғайларының бірігуіне негізделген.

Метакапитализм – бұл қазіргі уақытта бізге бетпе-бет ұшырасып отырған шындық. Экономикалық өмірдің диалектикасы бойынша, қоғам өміріндегі барлық құбылыстардың бір орында тұрақтап қалмайтындығын ескерсек, экономикадағы өзгерістер де бизнестің біртіндеп қосымша табыстың «артынан қууына» алып келді. Бұл іс тек ірі бизнеспен айналысатын корпорациялардың қолынан келетіндіктен, олар трансұлттық корпорацияларға айналу мақсатында өндіріс факторларының мобильдік (ығыспалы) қасиеттеріне «қол жеткізді». Корпорациялар өздерінің капиталдарын өндіріс үрдістері немесе жұмысшы күші арзанырақ болатын елдерге шығара бастады. Бұл үрдіс түптің түбінде экономикалық ғаламдануға алып келді. Ал ғаламдану бизнестің ақпараттануына негіз болды. Осылайша, бизнестің жаңа құрылымы – электрондық бизнес пайда болып, ол метакапитализм деп аталатын құбылысты тудырды. Яғни, бизнес пен нарық құрылымдарының өзгеру нәтижелері метанарық ұғымын қалыптастырды. Әлемдік экономиканың қазіргі тенденциясы мен дамуы бүкіл жер шарын бөлінген және өзара байланысқан динамикалық кеңістіктерге айналдырып, осы кеңістіктердің арасында жекелеген шағын жүйелерден тұратын трансұлттық қайта өндіргіш жүйелер

немесе экономикадағы қаржылық, ғылыми-техникалық, өндірістік-кәсіпкерлік құрылымдар пайда болды.



3- сурет – Электрондық бизнестің әдіснамасының құрылымы


Ескерту – автормен құрастырылған

Компаниялардың коммерциялық қызметтерінің халықаралық сипаты, яғни әлемдік нарықтағы қатаң бәсекелестік пен әртүрлі тәуекелділіктердің пайда болуы мамандардың білімдеріне деген талаптарды өсірді. Бизнесті жүргізуде компаниялардағы ұйымдастырушылық және технологиялық факторларды күшейте түсу қажет болады. Осы мәселелер ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегіне сүйеніп, нәтижесінде, әсіресе Интернет бизнесті жүргізудің жаңа технологияларын жасаудағы қуатты құралға айналды. Осындай жетістіктерге ие болып отырған елдер метакапиталистік нарықтың қатысушыларын құрайды.

Сондықтан ғаламдық экономика өндірістің трансұлттанып дамуымен сипатталады және метакапиталистік нарықта бір мезгілде бүкіл планета

бойынша нақты уақыттағы жүйе ретінде қызмет атқарады. Өндірістегі кейбір технологиялық тізбектерді шетелдік субъектілердің қатынасуы арқылы бөлісу мақсатында шетелдік филиалдардың құрылуы, келісім-шарттық қатынастардың орнығуы шығындарды айтарлықтай төмендете отырып, әлемдік деңгейдегі еңбек бөлінісін бейнелейді.

Ғаламдану жағдайында халықаралық компаниялар желілік технология арқылы өнім өндіру барысына қатысушы автономиялық буындардың өзара әрекеттесулеріне негізделген құрылыммен жұмыс істейтіндіктен, брэнд-компания өзіне маркетинг пен өнім сапасын бақылауды қалдырып, ал басқа өндірістік операцияларды N_n серіктестеріне тапсырады. Бұл мүмкіндіктер брэнд-компаниялар үшін капиталдың тікелей салымынсыз-ақ жоғарғы көрсеткіштерге жетуіне мүмкіндік береді. Брэнд-компаниялар өз функцияларының үлесін қосылған құн қауымдастығына жүктеп, нәтижесінде сапалы қызметке ие болып, әрі өндірістік шығындарды үнемдейді. Осындай өндірістік ыңғай, механизмі желілік байланыстар арқылы 4-суретте көрсетілгендей модульдық бизнесті тұрғызады.



4-сурет – Брэнд-компанияның электрондық бизнес арқылы қызмет ету механизмі

Ескерту – автормен құрастырылған


Соңғы онжылдықтағы бизнесті жүргізудің инновациялық сипаты қаржылық, өндірістік немесе сауда компаниялары секілді, барлық компаниялардың тиімді қызмет атқаруларына қатаң талаптар қоюда. Осындай түрдегі компаниялардың біріне жоғары технологиялық және ғылыми сыйымды өнімдерді өндіруді ұйымдастырудың перспективалы түрлеріне айналған виртуалдық компаниялар жататындағы белгілі.

Виртуалдық компаниялар ғаламдық ауқымдағы динамикалық нарықтың

шарттарына сәйкес, барынша жоғары тиімділіктерді сақтап қалу мақсатында өздерінің конфигурацияларын, сыртқы және ішкі үрдістерін әлемдік экономикадағы нарық талаптарына сай ұдайы қайта құрастырып отырады.

Компанияның бәсекеге қабілеттілігі мен экономикалық тұрақтылығы жаңа үлгілер мен басқару тәжірибесіне және өнеркәсіптік ұйымдастыруларға сәйкестендірілуі үшін ондағы бизнесті қайта жобалауға бағытталған инновациялық үрдіс – бизнестің реинжинирингі жүзеге асырылуы тиіс. Ал реинжиниринг ұғымы жаңа іскерлік қатынастарға жету жолында өндіріс барысына ең соңғы ақпараттық технологияларды ендіруді білдіреді.

Жалпы компаниядағы электрондық бизнестің тиімділігі алдымен ақпараттық технологиялардың ішінде бағдарламалық жабдықтардың сапасы арқылы анықталады. 5-суретте бизнес-үрдістері компанияның мақсаттарына жету жолындағы өзара байланысқан негізгі (жабдықтау, өндіру, өткізу) және көмекші (ақпараттық технологиялармен қамтамасыз ету, маманды басқару, қаржылай қамтамасыз ету және тағы басқалар) үрдістердің жүйесі ретінде қарастырамыз.



5-сурет – Виртуалдық компанияның сыртқы және ішкі орталары

Ескерту – автормен әзірленген

Бизнес-үрдістердің кезендері бойынша келтірілген түрлі авторлардың ойларын қорытындылай келе, автор тарапынан ғаламдану деңгейіндегі электрондық бизнестегі үрдістерді толықтай ескеріп, сипаттайтын келесідей принциптер негізделіп, ұсынылды:

– бірінші принцип – трансұлттық компанияларға тән қасиеттердің, белгі-

лердің болуы;

- екінші принцип – брэнд-компаниялардың пайда болуы;
- үшінші принцип – бизнес-үрдістер үшін электрондық органы қалыптастырып, жұмысты ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен ұйымдастыру;
- төртінші принцип – жоғары білікті мамандардың қажеттілігі;
- бесінші принцип – ішкі және сыртқы нарықтарда сенімді, тұрақты тұтынушыларды қалыптастырып, оларды өктемділікпен өздеріне тарта білу.

Электрондық бизнес құрамындағы электрондық коммерция сыртқы бизнес-келісімдерді қолдауға арналған технология ретінде қарастырылады. Егер электрондық коммерция тауарлар мен қызметтерді интерактивті түрде сату үрдісін ғана қарастырса, ал электрондық бизнес Интернетті немесе өзге де желілік ортадағы технологияларды қолдану арқылы компанияның жалпы өндірістік технологиясы мен біртұтас көптеген бизнес-үрдістерін біріктіріп қарастырады.

Электрондық коммерцияның қызмет етуінің ерекшеліктері, оның келесідей принциптерін тұжырымдауға мүмкіндік береді:

- бірінші принцип: «бірге бір» немесе интерактивті тәртіптегі тұтынушыға дербес ыңғай;
- екінші принцип: «тиімді жарнама»;
- үшінші принцип: «тауарды тікелей жеткізу». Сан түріндегі тауарлар Интернет арқылы жылдам жеткізіледі. Ал табиғи тауарларды жеткізу үшін көптеген интернет-дүкендер көлік компаниясымен шарт жасаса отырып, аутсорсинг қызметін пайдаланады;

– төртінші принцип: «салық салу ерекшелігі»;

– бесінші принцип: «шығындарды барынша азайту».

Осылайша, барынша дамыған шақтағы электрондық бизнестің қызметі жоғарыда аталған принциптерге негізделуі қажет.

Әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енгелі отырған Қазақстанның ғаламдану жағдайындағы ұлттық экономикасын дамытуда инновациялық шаралар мемлекет дамуының жаңа сатысындағы экономикалық өсудің стратегиялық факторына айналып, осы инновациялық үрдісті күшейту мақсатында үкімет бірқатар заңнамалық шараларды жүзеге асырды.

Мемлекеттің қолдауымен қалыптасқан инновациялық инфрақұрылым инновациялық үрдістер мен шараларды дамытуға ықпал етіп, ғылымның коммерциализациялануын жүзеге асыру мақсаттары көзделді.

Ғылыми жетістіктер негізінен өндірістің дамуына елеулі серпін беретіндіктен, Қазақстан Республикасының қабылданған инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асыру экономикалық өсуді қамтамасыз етудің ең тиімді шарасы болып табылады. Сондықтан инновациялық инфрақұрылымды дамытудың негізгі міндеттерінің ішінде:

- халықты ақпараттық-желілік сауаттылыққа даярлауды кеңейте түсу;
- сымсыз негіздегі ақпараттық-коммуникациялық желілерді дамыту және халықаралық ақпарат ресурстарына кіруді қамтамасыз ету;

– инновациялық қызмет саласында барлық республикалық, аймақаралық және халықаралық деңгейлердегі ұйымдар арасында өзара тиімді байланыстарды ұйымдық және ақпараттық қамтамасыз ету;

– электрондық бизнестің барлық үлгілерін кешенді дамыту шараларын жүзеге асыру қажет.

Қазіргі кезде ғаламдық ауқымдағы электрондық нарықты ұйымдастыру мен реттеу туралы басқарушылық шешімдерді қабылдау, мемлекеттік электрондық кәсіпкерлікті қолдап, олардың айналымын, салықтық түсімдерін электрондық төлеуге байланысты бірқатар шараларды шешу, сондай-ақ мемлекеттік құрылым мен тұрғындар арасындағы желілік қатынастарды дамыту мемлекеттің алдындағы өзекті мәселе болып отыр.

Мемлекеттік деңгейдегі электрондық нарықты қалыптастыру – мемлекеттің ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз етілу жағдайларына және тұрғындардың «ақпараттық теңсіздігін» жою шараларына тәуелді.

Қазақстан Республикасында ақпараттық қоғамды құру 1990 жылдардан басталды. Сол уақыттан бері Интернет желісін қолданушылардың саны жоғары қарқынмен артып келеді және ол қазіргі заманғы қолданылатын ресурстардың қажетті құраушыларының бірі ретінде көпшілік үшін өмірлік қажеттілікке айналды. Республикадағы ақпараттық қоғамды қалыптастыру үрдісін жүргізуде негізгі күштер бір-бірімен тығыз байланысты электрондық қоғамның, электрондық үкіметтің және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуына бағытталды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасында экономикада, мемлекеттік басқаруда, әлеуметтік салада перспективалы ақпараттық технологияларды, компьютерлік техника мен телекоммуникациялар жабдығын пайдалануға негізделген жаңа технологиялық укладтарды қалыптастыру мақсаттары қойылып, ал Қазақстандағы ақпараттық теңсіздікті төмендетудің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасында Республикадағы ақпараттық теңсіздікті төмендету, тұрғындардың компьютерлік сауаттылығының және Интернет желісін қолданушылардың санын 3-4 миллион деңгейіне жеткізу көзделді. Қазірде халықтың Интернет желісіне кіру қарқынының дамуы 3-кестеде көрсетілгендей, өспелі сипатқа ие болып отыр.

3-кесте – Қазақстан тұрғындарының компьютерлік сауаттылық деңгейі, %

Қолданушылар сипаты	2006ж.	2007ж.	2008ж.
Бастапқы қолданушы	37,5	32,2	22,6
Қарапайым қолданушы	50,5	53,5	59,8
Тәжірибелі қолданушы	10,7	13,0	15,9
Бағдарламашы	1,3	1,3	1,3

Ескерту – статистикалық мәліметтер негізінде құрастырылды. <http://www.stat.kz>

Интернет желісін күнделікті қызметте және тұрмыста қолданудың негізгі мақсаттары 4-кестеден байқалды.

4-кесте – Қазақстандағы Интернет желісін қолданудың негізгі мақсаттары, %

Интернет желісін қолдану түрлері	2007ж.	2008ж.
Коммуникациялар (электрондық пошта)	70,4	81,5
Ақпарат іздеу және он-лайн қызметтері	71,8	71,8
Тауарлар мен қызметтерді сату және сатып алу	4,7	6,0
Қоғамдық және мемлекеттік ұйымдармен байланыс	14,9	18,7

Ескерту – статистикалық мәліметтер негізінде құрастырылды. <http://www.stat.kz>

Интернет желісі көрсететін қызметтердің арасында тауарлар мен қызметтерді сату және сатып алу көрсеткіші өте төмен деңгейді көрсетеді. Яғни, бұл Қазақстанда электрондық бизнестің B2C, G2C үлгілері бойынша Интернетті қолданудың төмендігін білдіреді. Үкімет тарапынан ақпараттық технологияларды дамытуды қолдауда қажетті шаралар жүргізіліп жатқанымен осы B2C, G2C үлгілерінің әлсіз қызмет етуіне электрондық әмияндар мен төлемдердің жеткіліксіз дамуы, тауарларды тұтынушыларға жеткізудің логистикалық жүйелерінің болмауы да әсер етеді.

Қазіргі кезеңдерде Қазақстандағы ақпараттық технологияларды белсенді тұтынушылар – G2B және G2C үлгілері бойынша мемлекеттің өзі, B2G және B2B үлгілері арқылы мұнай-газ секторының компаниялары, банктік-қаржылық жүйелер негізіндегі G2B, B2B, B2C және G2C үлгілерінің қатысушылары болып табылады. Ал компаниялар деңгейіндегі B2B, B2C электрондық бизнес үлгілері өз дәрежесінде дами қойған жоқ.

2009 жылы The Economist тобының зерттеу бөлімшесінің 66 ел бойынша ақпараттық технологиялар индустриясының бәсекеге қабілеттілігінің салыстырмалы сараптамасында Қазақстан жағдайы 5-кестемен сипатталады.

5-кесте – 2008-2009 жылдардағы әлем елдерінің ақпараттық технологиялар саласы бойынша бәсекеге қабілеттілік индексі

Елдер	2009 жылғы индекс мәні	Рейтингтегі орыны	
		2008 ж.	2009 ж.
АҚШ	78,9	1	1
Финляндия	73,6	13	2
Швеция	71,5	4	3
...			
Қазақстан	26,4	59	54
...			
Иран	17,1	66	66

Ескерту – The Economist тобының зерттеу бөлімшесінің материалдары бойынша берілген.
http://www.webmasterschool.ru/news/index.php?id_news=18

Ақпараттық технологиялар бойынша елдердің бәсекеге қабілеттілігін талдау барысында іріктеліп алынған әрбір индикатордың жекелеген корреляциялық коэффициенттерінің негізіндегі топталған индикаторлардың категориялары мен үлес салмақтарын қарастырғанда Қазақстанның жағдайы 6-кесте арқылы сипатталады.

6-кесте – Категориялар бойынша әлем елдерінің 2009 жылғы рейтингі

Елдер	Барлық категориялар						
	Индекс-тің жалпы мәні	Бизнесті жүргізу үшін жасалған жағдай	АТ-инфра-құрылымдары	Адам капиталы	Ғылыми еңбектер мен зерттеулер жүргізу шарттары	Құқықтық орта	АТ-индустриясының дамуын қолдау
АҚШ	78,9	97,3	81,3	75,6	61,3	92,0	88,6
Финляндия	73,6	98,2	79,2	53,3	63,2	85,0	86,5
Швеция	71,5	90,1	90,2	48,8	54,5	81,5	86,3
Канада	71,3	88,3	71,3	53,3	64,2	82,0	88,6
...							
Қазақстан	26,4	49,1	11,7	27,1	14,9	42,0	38,5
...							
Иран	17,1	28,8	10,7	21,7	6,0	31,0	21,0
Ескерту – The Economist тобының зерттеу бөлімшесінің материалдары бойынша берілген. http://www.webmasterschool.ru/news/index.php?id_news=18							

Егер бәсекеге қабілеттілік бизнестің ашықтылығынан басталады десек, онда Қазақстан үшін жоғарыда аталған индикаторлардың үлесін көтеретін шараларды күшейту қажеттілігі туындайды.

Себебі бұл индикаторлар бәсекеге қабілеттіліктің әртүрлі рейтингтерінің маңызды құрастырушылары болып есептеледі. Олар елдегі ақпараттық саясаттың негізгі тенденцияларын, мүмкіндіктерін және кемшіліктерін бейнелейді және әр елдің ақпараттық әлемге тартылу дәрежесіне үлес қосады.

Қазақстандағы ақпараттық технологияның негізгі тұтынушылары – мемлекет, банк жүйесі, мұнай-газ секторларындағы компаниялар және білім беру мекемелері болып табылады.

B2B үлгісіндегі бизнестің дамуы әр елдерде ақпараттық қоғамның эволюциясына байланысты түрлі қарқынмен дамуда. Қазақстандағы B2B үлгісінің айналымы Батыс немесе Ресей елдерімен салыстырғанда, төменгі көрсеткіштерді көрсетеді. Егер Қазақстанда компаниялардың 76,6%-ы компьютерлер қолданса, олардың 55,5%-ы Интернет желісін пайдаланады. Соңғы уақыттарда электрондық бизнестің B2C и C2C үлгілері бойынша республика көлеміндегі белсенді қатынасушыларына Ақмола, Атырау, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарының тұрғындары жатады.

B2B түріндегі үлгінің идеясына сүйенсек, оны біздің еліміздегі айтарлықтай жеткізушілері бар ірі компаниялар үшін таза күйінде немесе басқа

субъектілермен аралас күйінде де қолдану өте маңызды. Электрондық бизнестің бұл үлгісін ашық сауда жүйелеріне арнап ұйымдастырған жағдайда, оны жекелеген салалар шегінде айналымын ұйымдастыру қиынға соғатын азық-түлік өнімдерінің, құрылыс материалдарының және басқа да тауарлардың көтерме саудасында қолдануға болады. Қазіргі уақытта Қазақстанда В2С үлгісіндегі электрондық бизнестің оқу үрдісінде қолдануы кеңінен дамып келе жатқандықтан, оның жиі қолданылып жүрген салаларының бірі ретінде білім беру жүйесін айтуға болады. Кей жағдайларда В2В үлгісі де қолданылуы мүмкін, онда оқу үрдісіне тек жоғары оқу орындарының оқытушылары мен басқа да қызметкерлері біліктілікті жоғарылату немесе ғылыми, әдістемелік бейнеконференциялар өткізу мақсаттарында өзара байланысқа түседі. Электрондық бизнестің осылай білім беру үрдісінде тығыз қолданылуы қашықтықтан оқыту тәсілдерін дамытуға әсер етті.

Сонымен, Қазақстан Республикасында электрондық бизнестің даму қарқыны баяу болғанымен, оған қажетті барлық шаралар мемлекеттік тұрғыда қолға алынып, жүзеге асырылуда. Осыған орай, электрондық бизнестің дамуын ынталандыру түрлері мен әдістерін қарастырып, ұсыну қажет.

Бизнесті электрондық түрде дамытудағы маңызды факторлардың біріне ақпараттық технологияларды қолдануға байланысты қоғамдық және экономикалық қатынастарды реттеп және ынталандырып отыратын нормативтік базалар мен құқықтылықты қолдану арқылы оны мемлекеттік реттеу шаралары жатады.

Ақпараттық кеңістіктің барлық құраушылары мемлекеттік меншіктің нысаны болып табылады және ондағы меншік иелерінің, қожайындарының және таратушыларының заңды құқықтарын сақтай отырып, оларды шаруашылық айналымға енгізуге мүмкіндік беру мемлекеттік реттеуді қажет етеді.

Ақпараттық технологиялардың жетістіктерін экономиканың барлық салаларында қолдану мемлекеттік реттеудің жаңа құралдарының пайда болуына алып келді. Қазіргі сәтте, әлемдік тәжірибеде электрондық бизнеспен айналысушы субъектілердің құқықтарын қорғаудың кепілдіктерін қалыптастыру мәселелерін мемлекеттік реттеу шаралары баяу болса да, табысты түрде жүзеге асырылуда. Осыған байланысты мемлекеттегі азаматтардың ақпараттық теңсіздігін жоюға бағытталаған негізгі шаралар қазіргі қолда бар виртуалдық сферада жүргізілуі тиіс.

Электрондық үкіметті қалыптастырудың мемлекеттік бағдарламасы да ақпараттық технологияларды қолдану арқылы азаматтарға жылдам және сапалы мемлекеттік қызмет көрсетулерді қамтамасыз етіп, әрі мемлекеттік ұйымдардың тиімді, ашық қызмет атқаруын мақсат етеді.

Іс жүзінде Интернет желісі арқалы жүргізілген бизнестегі тауарларға да салық немесе кедендік баж салығы салынып отырады. Бұл жерде электрондық саудаға салық салу екі реттік салық салудан немесе ұлттық салық салу ережесіне сәйкес келмей қалудан аулақ болу үшін, жалпы қабылданған халықаралық стандарттардың талаптарына сай болуы тиіс. Бұл әсіресе, сатып алушы бір елдің, ал сатушы – басқа елдің тұрғындары болып, ал төлемдер жүргізілетін банк үшінші елде болған жағдайларда пайда болуы мүмкін.

Мұндай жағдайда әрбір елдің заңдарындағы айырмашылық – келісімдердің заңды күшін жоюға немесе транзакцияларға екі рет салық салуға әкелуі мүмкін. Осындай жағдайлар салық кодексіне электрондық келісім туралы сәйкес баптарды енгізу қажеттілігін тудырады.

Қазақстан Республикасында электрондық бизнесті мемлекеттік реттеу саласында жүргізілген зерттеулер нәтижесі келесі қорытындыларды ұсынуға мүмкіндік береді:

1. Электрондық бизнестің әлемдік және қазақстандық тәжірибелерінің көрсетуі бойынша ұлттық ақпараттық қауіпсіздік, салық жинауға қатысты заңнамалар, электрондық транзакциялар мониторингі, мамандар дайындау туралы мәселелерді шешу қажет.

2. Электрондық қатынастарды дамыту, бағалау, құқықтық қорғау және зияткерлік меншікке салық төлемдері туралы зерттеулерді тереңірек жүргізу керек.

3. Мемлекет ғылыми-техникалық прогресс қозғалысының ізімен дамып келе жатқан және ғаламдық жағдайдағы бизнестің трансұлттық сипат алуына себепші болып, тиімділік деңгейін көтеруге бағытталған электрондық бизнестің дамуын қолдап отыр. Дегенмен, республикадағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жағдайы, яғни желіге ену жылдамдығы, дәлеме-дәлдігі, көлемділігі және ақпараттық тану мүмкіндіктері секілді шараларды жақсарту түсуді қажет етеді, сонымен қатар, мемлекет телекоммуникациялық монополия тарапынан болатын барлық қайшылықтарды да реттеп отыруы тиіс.

Жоғарыда аталған қорытындылардың негізінде мынандай ұсыныстар беріледі:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі «Электрондық бизнеске салық салу туралы», «Зияткерлік меншік құқығын қорғау және салық төлеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарының жобаларын енгізу қажет.

2. Қазақстан Республикасының Парламенті осы заңдардың жобаларын қарап, қабылдауы қажет.

3. Электрондық бизнеспен айналысатын қазақстандық компаниялар шетелдік компаниялардың жұмыс тәжірибесіне сүйене отырып, осы заң жобалары бойынша өз ұсыныстарын енгізуі қажет.

Компанияның өндірістік қызметінің немесе бизнес үрдісінің, сондай-ақ макродеңгейдегі жағдайда экономикалық өсудің үлгісі ретінде бірқатар артықшылықтары бар өндірістік функция экономикалық талдау мен болжаудың құралы болып есептеледі.

Электрондық бизнестегі бизнес-үрдістерін үлгілеу барысында капитал мен еңбектің, сондай-ақ электрондық ортадағы өндірістік үрдістің немесе бизнес-үрдістің басқа да факторларының тұрақсыз, өзгермелі сипатта болатынын байқамыз.

Метанарықта барлық іскерлік амалдар ақпараттық технологияның көмегімен электрондық бизнестің негізінде іске асырылады. Әсіресе, электрондық бизнестің B2B үлгісі көшбасшы компаниялардың қызметтерін виртуалдық сипатқа трансформациялайды. Сол жағдайда электрондық бизнестің тиімділігі білім капиталы, зияткерлік еңбек, білім және ақпарат секілді экзогендік трансформациялық факторлардың негізіндегі экономикалық

өсудің жаңа түріне алып келеді.

Біз электрондық бизнестің өндірістің функциясының үлгісін келесідей түрде өрнектейміз:

$$Q_e(t) = f(K_1^{\alpha_1}, K_2^{\alpha_2}, L_1^{\beta_1}, L_2^{\beta_2}, i^{\lambda_1}, z^{\lambda_2}), \quad (2)$$

$\alpha_1 + \alpha_2 + \beta_1 + \beta_2 + \lambda_1 + \lambda_2 > 1$ болған жағдайда,

мұндағы K_1 – табиғи капитал;

K_2 – білім капиталы (маманнан ажырайтын білім көздері мен құралдары);

L_1 – табиғи еңбек;

L_2 – зияткерлік еңбек;

i – ақпарат;

z – білім (маманнан ажырамайтын білім көздері);

$\alpha_1, \alpha_2, \beta_1, \beta_2, \lambda_1, \lambda_2$ – факторлар бойынша сәйкес технологиялық параметрлер. Олар немесе келесі шартты қанағаттандырады:


$$\frac{Q_e(t+1)}{Q_e(t)} > \frac{Q_e(t+1)}{Q_e(t)} \frac{1}{\alpha_1 + \alpha_2 + \beta_1 + \beta_2 + \lambda_1 + \lambda_2} \quad (3)$$

Өндірістік функцияның осы үлгісі электрондық ортадағы немесе виртуалдық компаниялардағы бизнес-үрдістерді сипаттайды. Көрсетілген өндірістік факторлардың ішінде білім капиталы мен зияткерлік еңбектің үлесі олардың табиғи түрлеріне қарағанда басымырақ. Электрондық бизнестегі білім құраушыларының үлесі тек әрбір өнім мен қызметте ғана емес, сондай-ақ еңбек қызметінің үрдісінде де көбейеді. Ақпараттық технологиялар мен бағдарламалық жабдықтар туралы білімді меңгермейінше электрондық ортада жұмыс жасау мүмкін емес.

Жоғарыдағы аталған (2) формулада келтірілген факторлардың негізінде электрондық бизнестегі өндірушінің ресурстарын тұтынатын қисынды түрде тізбектелген және өзара байланысқан шараларының жиынтығы ретінде бизнес-үрдістерді үлгілеу, осы үрдістің қаншалықты оңтайлы екендігін тексеруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бизнес-үрдістегі әрбір орындалған амалдардың шығындарды қаншалықты ақтайтындығын және табыс әкелетіндігін анықтауға болады.

Сонымен, компанияның үлгісін құру үшін оның құрылымының негізін құрастырушы элементтерді толық қарастыру қажет және үлгінің нақтылығы ақпараттың дәлдігі мен көлеміне байланысты болады.

Электрондық бизнестің желі ортасындағы құрылымдық біртұтас үлгісі б-суретте сипатталады. Оның қызмет етуінің экономикалық құрылымдық үлгісі (2) өрнекпен берілген өндірістік функцияның негізінде тұрғызылған. Егер өндірістік функция электрондық ортадағы бизнес-үрдісті сандық тұрғыда анықтаса, ал құрылымдық үлгі оны сапалық тұрғыда анықтайды. Осы құрылымдық үлгіде капитал айналымынан бастап (Ақша-Тауар-Өндіріс-Ақша'-Тауар'), электрондық ортадағы өндіріс барысы қарастырылып отырғандықтан, SRM – ERP – CRM бағдарламалық жүйелері де бизнес-үрдіске арқау болып, ERP жүйесін топ-менеджмент пен мамандарда өз қызметтерінде пайдаланады.



6-сурет – Электрондық бизнестің қызмет етуінің құрылымдық үлгісі

Ескерту – автормен әзірленген

Мазмұны бойынша автор ұсынып отырған электрондық бизнестің құрылымдық үлгісі бизнес-үрдістің мәнін сипаттайды. Мұнда компанияның өндірістік қызметін электрондық ортада жүзеге асыру – тек табиғи ресурстарға ғана емес, сонымен бірге зияткерлік ресурстарға да сүйенетіндігін байқауға

болады. Мұндағы негізгі орын ақпарат пен білімді қалыптастырушы және таратушы ретінде адамға тиісті.

Электрондық ортада да зияткерлік капитал адам, ұйымдастырушылық және тұтыну капиталдарынан құралатындықтан, оның ішінде ұйымдастырушылық капиталға басқару стратегиясынан бастап ақпараттық технологиялардың ресурстары, жүйелік байланыстар, зияткерлік меншік нысандарына құқықтық, қаржылық қатынастар, патенттер, тауарлық белгілер және ұйым мәдениеті жатады.

Тұтыну капиталының құрамына тұтынушылар, олармен байланыс, тауарлық марка, әріптестік активтер, жарнама, брэнд және өткізу саясаты кіреді. Оларды есептеу барысы әдістемелік тұрғыда оңай емес, себебі оны бизнестің ағымдағы ұйымдастыру үрдісінде бағалау өте күрделі және көптеген жағдайда ол толығымен бизнесті сатуда Тобин коэффициентін белгілеу арқылы, яғни компанияның болашақтағы анықталатын табыстылығының нарықтық бағасы мен материалдық активтер арасындағы айырма түрінде қарастырылады.

Адам капиталын бағалауды компанияны сатқан кезде ғана емес, оның өсу кезеңінде де үнемі анықтап отыру қажет. Оған арналған көптеген түрлі әдістер бар. Бірақ, әрбір нақты компания үшін оған бейімделген әдіс түрі қолданылады. Осы себепті адам капиталын бағалаудың индекстік әдістемесі ұсынылады.

Компаниядағы арнайы жағдайлар адам капиталын қалыптастырудың және дамытудың маңызды факторларына жатады. Мамандардың жоғары біліктілігі үшін: компаниядағы шағын командалардың болуы, қатысу негізіндегі басқарудың болуы, үздіксіз оқытудың болуы, функцияларды икемді атқара білу мүмкіндіктері, мотивация (ынталандыру) жүйесі мен әрқайсысының жауапкершілік деңгейін бақылау нормасы, творчестволық қабілеттерді айқындау жүйесін бағалау, еңбек мәдениетінің деңгейін бағалау, ұжыммен жұмыс жасауға психологиялық сәйкестігін бағалау және кәсіптік жарамдылығын (денсаулығын) бағалау қажет. Бағалау 100 балдық шкала бойынша жүргізіліп, төмендегі формуламен есептеу ұсынылады:

$$Y = \frac{\sum_{i=1}^n A_i}{n}, \quad (4)$$

мұндағы, Y – адам капиталының даму жағдайларының индексі;

A_i – адам капиталының құраушылары;

$i = \overline{1, n}$ – адам капиталының құраушыларының саны.

Әрі қарай, әрбір менеджерді оның орындаған жұмысына сәйкес идентификациялау бойынша күрделі жұмыс жалғасады. Біліктілік қасиетіне – менеджерге шешім қабылдауда ерекше қызмет пен жұмыстарды орындауға мүмкіндік беретін білім, дағды және қабілеттерінің үйлестірілуі жатады.

Қазіргі уақытта, жұмыс беруші мен оның кеңесшілері үшін білім мен дағды басты құндылықтардың біріне ие болатындықтан, оны өлшеудің бірыңғай жүйесін жасау қажет. Ол үшін соңғы кездердегі қолданылып жүрген СВА (Competency based assessment) – біліктілікті есептеу әдісі қолданылады. Бұл әдіс бойынша маманның біліктілігін бағалау «іскерлік мінез-құлық» принциптеріне негізделген. Осы принциптерге сүйене отырып, компания қызметінің талаптарына сәйкес, білім мен дағдыны идентификациялау жолымен біліктілік

деңгейін анықтау мақсатында инновациялық жоба менеджерлерін тестілеу матрицасы жасалып, маманның біліктілік деңгейін бағалау ұсынылады. Ол 100 балдық шкала бойынша (5) өрнекпен есептеледі:

$$K = \frac{\sum_{i=1}^n S_i}{n}, \quad (5)$$


мұндағы K – маман біліктілігінің индексі;

S_i – i -ші өзгеше, тосын жағдай;

n – матрицадағы жағдайлардың саны.

Ақпараттық жүйелерді қолдану компанияның табыстылығына, оның бәсекеге қабілеттілігі мен тұтынушылар үшін тартымдылығына барынша ықпал ете бастады. Соған қарамастан, арнайы әдебиеттерде электрондық бизнестің экономикалық тиімділігін бағалаудың әдістері мен ғылыми негізделген тұжырымдамалары жасалынбаған.

Электрондық бизнестің экономикалық тиімділігін қарастырғанда, электрондық ортаны дайындаудағы бастапқы шығындардың көп жұмсалатындығын байқаймыз. Бірақ, кейін олардың өндірісіне капитал салымдары біртіндеп төмендей бастайды. Сол себепті, электрондық ортадағы сан түріндегі өнім өндірісі 7-суретте көрсетілгендей, алғашқыда жоғары шығындарды, сосын уақыт өте келе, төменгі шекті шығындарды білдіреді.



а) дәстүрлі бизнестегі «шығын-табыс» қисығы

б) электрондық бизнестегі тік «шығын-табыс» қисығы

7-сурет – Дәстүрлі және электрондық бизнестің шекті шығындары мен шекті табыстылығының арақатынасын салыстыру

Ескерту – Р. Вайбер еңбегіндегі теория негізінде жасалды

7-суреттегі а) жағдайында дәстүрлі бизнесте бастапқы шығын бастапқы табысқа қарағанда аз болып, уақыт өте келе өндірілетін өнім көлемі артқан сайын, бұл бизнестің табыстылығы төмендеп және оның шығындары артады. 7-суреттің б) жағдайындағы электрондық бизнес үшін алғашында көбірек шығындар жұмсалатынын көреміз.

Желілік экономиканы зерттеуші неміс ғалымы Р. Вайбердің ойынша, индустриалдық экономика өндіріс ауқымдылығының әсеріне бағытталған, яғни шекті шығынға қарағанда шекті табыстың кему заңдылығы бойынша кері байланыстың теріс басымдылығы байқалады, ал желілік экономика болса, Меткалф заңына сәйкес, шекті табыс өспелі болып, кері байланыстың оң басымдылығы байқалатын өндірістің желілік әсеріне бағытталады².

Мұндай әсер желінің пайдалылығымен анықталатын тұтынушы абоненттердің күрт өсуіне байланысты туындайды. Электрондық бизнесте табыс шамасы шығынның шамасынан басым түседі. Ол 6-суреттің б) жағдайы бойынша, бастапқы шығынның жоғары екендігінен байқалады:

$$\Delta d_{e0} < \Delta z_{e0}, \quad (6)$$

мұндағы Δd_{e0} – электрондық бизнес жағдайындағы алғашқы шекті табыс;

Δz_{e0} – электрондық бизнес жағдайындағы алғашқы шекті шығын.

Уақыт өте келе, төмендегі жағдай орын алады:

$$\Delta d_e > \Delta z_e, \quad (7)$$

мұндағы Δd_e – шекті табыс, ал Δz_e – шекті шығын.


Жалпы, электрондық бизнестегі табыстар мен шығындардың өзара байланысын сипаттайтын қисықты келесі түрде өрнектеуге болады:

$$d_e = z_e^{2r+1} \quad (8)$$

мұндағы r – натурал оң сан және $z_e > 0$.

Электрондық бизнес жағдайында сан түріндегі өнімдерді өндіруде алғашқы шығындар тұрақты, ал айнымалы шығындар азая бастайды. Алғашқы шығындар электрондық өнімдердің ең бірінші данасын өндеп жасағанда және сату барысындағы шығындарға – жарнама жасау мен сатушы шығындарына көбірек жұмсалса, осындай өнімді әрі қарай сату үрдісінде оның енді электрондық сипаттағы көшірмелері ғана сатыла бастайтындықтан, ендігі шекті шығын шекті табысқа қарағанда әлдеқайда аз болады. Сол себепті электрондық бизнестегі «шығын-табыс» қисығы тік болады. Ал, оның шексіз өсе беруіне шектеу болатын жағдай, ол осы өнімдерге деген сұраныстың шамасы, оның қанағаттануы. Сұраныс қанағаттанған немесе мүлде азайып, тоқтатылған жағдайда өнімдерді әрі қарай да нарықта өткізудің бірден-бір жолы – ол тұтынушының қалауынан шығу мақсатындағы өнімнің сапасын жақсарту. Бұл үрдістің өзі, тағы да кезекті инновациялық өндеулерді қажет етеді. Бұл құбылыстың ұдайы қайталанып отыруы қашанда сан түріндегі өнімдерді өндіруде, әсіресе бағдарламалық өнімдерді өндірушілерге тән ерекше қасиет. Өнімнің осындай жаңа сипаты артық шығындарды қажет ететіндіктен, ол өнімнің өзіндік құнын, бұрынғы бағадан көтеріңкі болатын жаңа бағасын қалыптастырады. Нарықтағы талғамы жоғары тұтынушылардың сұранысын ескеріп, осы сан түріндегі жаңа өнімді сату бағасы сол өнімнің сұранысына теріс әсер етпейтіндей болуы тиіс (8-сурет).

² Вайбер Р. Эмпирические законы сетевой экономики // Управление предприятием в информационной экономике. http://vasilievaa.narod.ru/ptp/15_4_03.htm



8-сурет – Электрондық нарықтағы ұдайы табысқа жету механизмі

Ескерту – автормен әзірленген

Яғни, электрондық бизнестегі сапалы, жаңа өнімге сұраныстың бағасы, сол өнімді жасауға жұмсалған шығынды ескеріп, қалыптасқан баға айтарлықтай жоғары болмауы қажет.

Шекті табыстар мен шекті шығындар арасындағы оң, яғни жағымды кері байланыс келесі себептердің негізінде туындайды:

1. Тікелей жүйелік әсер. Жүйелік әсер негізінде электрондық бизнестің жылдамдығы молекулярлық физикаға арналған Эйнштейн³ формуласы бойынша анықталады:

$$E_{(\text{бизнес-бизнес})} = mc^2 \quad (9)$$

немесе экономикалық мағынада:

$$B2B = \text{басқару} \cdot (\text{өзгеріс} \cdot \text{батылдык}), \quad (10)$$

мұндағы (9) және (10) теңдеулерде, m – корпоративтік бизнесті басқару (микро деңгейде) немесе саяси және қоғамдық жетекшілік (макро деңгейде);

c^2 – батылдыққа көбейтілген өзгеріс. Мұндағы өзгеріс бизнес үшін басқарушы команданың инновацияға сезімталдығын білдіреді. Батылдық – бұл B2B немесе B2C үлгілік бизнесті жүргізу үшін компанияның трансформациялануы.

2. Жүйеге қатысушылардың өсуі. Жүйе қатысушыларының өсуіне байланысты электрондық бизнес жүйесінің пайдалылығы нақтыланады. Қатысушылардың артуы Меткафа заңы бойынша, желідегі қатысушылардың

³ Гейтс Б. Бизнес со скоростью мысли. – М.:Изд-во ЭКСМО-Пресс, 2001. – 480 с.

санының n есе артуына байланысты, желі құндылығы n^2 есе артады.

3. Тұрақты шығындардың төмендеуінен пайданың үздіксіз артуын аламыз. Электрондық бизнес үрдісінде сандық тауарлардың және телекоммуникациялық қызметтердің максималды көлемін сату нәтижесінде өндіруші немесе сатушы осы тауарлардың, қызметтердің өндірісіне кеткен алғашқы шығындарды жаба алады.

4. Кері байланыс әсері. Компания қосылған құнды арттыру мақсатында өнім көлемін жоғарылатады. Нәтижесінде, оның бір бірлігіне есептелген нақты шығындар төмендейді.

5. Электрондық бизнес үрдісінде зияткерлік капитал мен зияткерлік еңбек түрлері қолданылатындықтан, бұл жерде осыларға арқау болып отырған адам капиталының тұрақты қор ретінде шығаратын өнім көлеміне немесе қызмет көрсетулерге үлесінің әсері. Нақтырақ айтқанда, еңбек өнімділігінің білімге тәуелділігі туралы Т. Стюарттың зерттеуінше: «білім деңгейінің 10%-ға көтерілуі өнімділікті 8,6%-ға көтереді» және «зияткерлік капитал мен қаржылық капиталдың қатынастары өзара 5:1-ден бастап, 16:1-ге дейін болуы мүмкін» – деген ойлары да электрондық бизнестің тиімділігінің соңғы себебін негіздей түседі⁴. Олай болса, электрондық бизнестің қызмет етуі қазіргі бизнестің мүмкіндігін жақсартатын кейбір ерекшеліктерге ие болады.

Осы қарастырылған шараларды теориялық тұрғыда ақшалай эквивалентке айналдырып есептеуге болады, бірақ бұл табыстарды жоба алдында және жобалау кезеңінде бағалау өте күрделі, әсіресе, ең алдымен Интернет-жобаның маңызды параметрлері бойынша берілген ақпарат нақты берілмей, жөндеуге келмейтін белгісіздіктермен сипатталады. Сонымен қатар, бастапқы берілген ақпараттың көп бөлігі сараптамалық сипатта болады.

Дәстүрлі бизнес компаниялары Интернет-технологияны қолдана отырып шығындарын 5-10%-ға азайта алады, ал бұл пайданың 50-100% өскенін көрсетеді (7-кесте).

7-кесте – Электрондық бизнестің дәстүрлі бизнеспен салыстырғандағы тиімділігінің негізгі көрсеткіштері⁵

№	Тиімділік белгілері	Дәстүрлі бизнес, %	Электрондық бизнес, %	Өзгеру индексі, %
1	Шығындар	100	90-95	0,9
2	Пайда	100	150-200	1,5-2
3	Еңбек өнімділігінің өсуі	100	108-127	1-1,3

Олай болса, электрондық бизнес жағдайындағы сауда тұтынушыларға өнімді сатып алу уақытын үнемдеуге мүмкіндік берумен қатар, тәуліктің кез-келген сәтінде компания сайтына ену арқылы тауарларды жедел түрде іздеп

⁴ Стюарт Т. Богатство от ума: деловой бестселлер. Пер. с англ. В.А. Ноздриной. – М.: Парадокс, 1998. – 352 с.

⁵ Компания Cisco Systems, перейдя на он-лайновую систему заказов, смогла снизить долю ошибок на 2%. // Эксперт: Спец. выпуск. – 2000. – 23 октября. – С. 30.

табуға, тапсырыс беруге ыңғайлы болса, ал компания тарапынан, олар кез-келген уақытта жабдықтаушылар мен тапсырыс берушілердің ғаламдық нарығына шыға алады, әрі тұтынушылармен кері байланыста болып, оларға жеке қызмет көрсетіп, маркетинг жағдайларын жақсартады.

Қазақстандық компанияларға осындай тиімді электрондық бизнесті енгізу ең алдымен, Республикадағы ақпараттық қоғамды қалыптастырудағы дайындықтарды талап етеді және компанияны электрондық бизнестің жолына ауыстыру үшін төмендегі жұмыстар тізбегін орындау қажеттілігі туындайды:

1. Дәстүрлі бизнестің кемшіліктерін айқындау;
2. Бизнестің электрондық үрдістеріне көшуде компанияның жаңа ұйымдық құрылымын жасау;
3. Электрондық бизнеске көшу бойынша жұмыстардың тізімін жасау;
4. Бұл жұмыстардың тізімі бойынша шығындарды анықтау;
5. Басқарудың жаңа ұйымдық құрылымы бойынша құрылымдық бөлімшелерге жұмыстардың тізімін бөлу;
6. Электрондық бизнеске көшу үшін әрбір құрылымдық бөлімшеге бағдарламалар жасау;
7. Компанияның құрылымдық бөлімшелері бойынша электрондық бизнесті жасау мен енгізу шығындарын нақтылау;
8. Электрондық бизнесті жасау мен енгізуде барлық құрылымдық бөлімшелер бойынша жалпы шығындарды есептеу;
9. Компанияда электрондық бизнесті енгізуден алынатын экономикалық әсерді анықтау.

Сөйтіп, осындай шараларды жүргізу арқылы электрондық бизнеспен айналысатын компаниялар ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жетістіктерінің көмегімен алдымен өздеріне, содан кейін мемлекеттің экономикалық жағдайын көтеруге зияткерлік қорларын жан-жақты қолдану арқылы үлкен пайда алып келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыстың зерттеу нәтижелері келесі түрдегі тұжырымдар мен ұсыныстарды жасауға мүмкіндік береді:

1. Әлемдік экономикада бизнестің қазіргі қолданылып жүрген үлгісі жылдам уақытта едәуір өзгерістерге ұшырады. Оның басты себептерінің біріне – ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы мен соның нәтижесінде бизнестегі барлық үрдістердің электрондық жолға ауыстырылуы жатады. Бизнес-үрдістерде ақпараттық технологияларды тығыз қолдану жайын қарастырғанда электрондық бизнестегі революциялық құбылысты да қарастыруға тура келеді. Себебі, бизнес технологиясын компьютерлендіру барысы бизнесті ұйымдастырудың жаңа құрылымының қажеттілігін тудырып, нарықтар құрылымына маңызды өзгерістер алып келді. Осыған байланысты электрондық бизнесті зерттеушілердің оған берген анықтамалары мен түсініктерінің негізінде қазіргі экономика жағдайындағы соңғы жетістіктер мен өзгерістерді ескере отырып, электрондық бизнестің авторлық анықтамасы беріледі, яғни электрондық бизнес – бұл ғаламдану жағдайындағы ақпараттық

технологиялар негізінде өнімді дайындауды, өндіруді және тұтынушыларға өткізуді коммуникациялық желілер арқылы ұйымдастырып, бизнес-үрдістердің сапасын, стандартталуын, жеделдігін қамтамасыз ететін, әрі компанияның шығындарын азайта отырып, пайдасын ұлғайтатын және бәсекелестік басымдылыққа мүмкіндік беретін үрдіс.

2. Капитал құрылымының динамикасы зерттеліп, оның құрылымының өзгерісі мен электрондық бизнестің дамуының диалектикалық өзара байланыстары көрсетілді. Соңғы жүз жылдықта зияткерлік капитал үлесінің ертеректегі 20%-дан 70%-ға дейін өсуі бизнестегі революциялық өзгерістердің қажеттілігіне алып келгендігін және ондағы үрдістердің ақпараттық сипат алғандығын байқатты. Сондықтан, бәсекелестік артықшылықтарға қол жеткізуде компанияның қаржылық активтерінің басым болуы жеткіліксіз болып, енді ақпараттық технологияларға негізделген зияткерлік капиталдың да нарықтағы үлесі жоғары пайда алып келетіндігі көрсетілді.

3. Бизнестің инновациялық сипаттағы дамуымен қатар өндірістік функцияның маңызды факторларының бірі ретінде еңбекте өзгерді. ХІХ ғасырдың аяғындағы механизация кезеңінде табиғи еңбек басымдық танытқан болса, автоматтандыру және микроэлектроника дәуіріндегі еңбекте ақыл-ой немесе зияткерлік капиталы көбірек қолданыла бастады. Өткен жүзжылдықтың 80-ші жылдарында ақпараттандыру кезеңі басталды. Зияткерлік капиталдың арқасында желілік технология және электрондық бизнес қалыптасты. Қазіргі инновациялық бизнес дамыған экономика тұсында, білім құнға айналып, нәтижесінде биотехнология және нанотехнология жетістіктері пайда болды.

Бұл құбылыс инновациялық экономика кезеңіндегі еңбектің өзі, оның заты мен ұйымдастыру түрлері өзгергенін айқындады. Диссертациялық жұмыста еңбек трансформациясы және оған электрондық бизнестің ерекше әсері көрсетілді. Еңбек табиғи басымдылықтан зияткерлік түрге және оны басқаруға ауысты.

4. Электрондық бизнестің әдіснамасының құрылымы ұсынылып, сол арқылы оосы электрондық бизнестің және электрондық коммерцияның принциптері құрастырылды.

Бірінші – трансұлттық корпорацияларға тән қасиеттердің болуы, яғни ғаламдану және ақпараттық технологиялар жағдайындағы бизнес-үрдістер, сауда және өнім өткізу қызметтері мемлекеттен тысқары, сыртқы ортаға шығарылады. Сонымен қатар, қозғаушы күші трансұлттық корпорациялар болатын трансұлттандыру үрдісі үдемелі түрде жүргізілетіндіктен, ондағы компаниялардың электрондық бизнес нысандары болғаны қолайлы.

Екінші принцип – брэнд-компаниялардың қалыптасу сипаты. Себебі, олар электрондық технологиялар арқылы жұмыс жасап, өздерінің бәсекеге қабілеттіліктілігін арттыру мақсатында, тұтынушылар алдындағы артықшылықтарын өздері шығарған брэнд-тауарлар арқылы көрсете білуі қажет. Ғаламдық нарық жағдайында брэнд-компаниялардың қосылған құн қауымдастығы бойынша аутсорсингі пайдаланып қызмет атқаруы электрондық бизнестің жан-жақты дамыған қызметтерін білдіреді.

Үшінші принцип – бизнес-үрдістердің тек ақпараттық-технологиялар арқылы ұйымдастырылатындығының айқындығы.

Төртінші принцип – жоғары білікті мамандардың болуы. Адам капиталының дамуы, қызметкерлердің дер кезінде білім алып, ұдайы өсіп отыруы және қабілетті, зияткерлік мамандарды ұстап қалудың тәсілдері электрондық бизнесті дамытудың маңызды алғышарттарына жатады.

Ішкі және сыртқы нарықтарда белсенді және тұрақты, айнымайтын тұтынушыларды қалыптастыру электрондық бизнестің бесінші принципін білдіреді. Себебі осындай тұрақты тұтынушылар қатары электрондық бизнестің белсенді қызмет атқаруына, әрі қарай дами беруіне тікелей әсерін тигізеді.

Ал электрондық коммерцияның қызмет етуінің ерекшеліктері оның келесідей принциптерін тұжырымдауға мүмкіндік береді:

– бірінші принцип: «бірге бір» немесе интерактивті тәртіптегі дербес ыңғай. Қысқаша сауалнаманың көмегімен әрбір сатып алушыны жан-жақты зерттеу, оларға көңілдері қалаған тауарлар ұсынуға мүмкіндік береді;

– екінші принцип: «тиімді жарнама». Интернет желісінде орналастырылған жарнамалар тәулік бойы ұсынылып, әрі оған қызығушылық танытқан көптеген адамдарға бір мезгілде, олардың тұрған орындарынан тәуелсіз таратылады;

– үшінші принцип: «тауарды тікелей жеткізу». Жеткізу жылдамдығы мен сапасы – тұтынушы назар аударатын және Интернет-дүкен туралы өз пікірін қалыптастыратын жәйттар;

– төртінші принцип: «салық салу ерекшелігі».

Коммерцияның ақпараттық желілік технологиялар арқылы жүзеге асырылуы кезіндегі салық салудың ерекшелігіне резиденттілікті анықтап және қосарланған салық салуды «ұстап алу» әрқашан қиындықтар туғызады. Сондықтан бұған ерекше назар аудару керек;

– бесінші принцип: «шығындарды барынша азайту».

Электрондық коммерция шығындарды азайтуға бағытталған. Бизнес-үрдістердің ақпараттық технологияға көшуі, оның ішінде жарнама жасау, тауарды жеткізу үрдісі мен төлем жүйесі тек сатушының тарапынан ғана емес, сатып алушы тарапынан да шығындарды қысқартады.

5. Өндіріс факторлары ретінде құрамы: табиғи капиталдан, білім капиталынан (білім жабдығы), табиғи еңбектен, зияткерлік еңбектен, ақпарат пен білімнен (маманнан бөлініп ажырамайтын) құралған электрондық бизнестің өндірістік үлгісі өңделді.

Өндірістік функцияның бұл үлгісі бизнестің электрондық ортасы – компаниялардың виртуалдық ортасында қызмет етеді. Электрондық бизнестің өндіріс факторларына әсер етуінің объективті себептеріне нарықтық ортаның тұрақты ауқымда қызмет ете бастауы жатады. Ғаламдық жағдайдағы нарық аймағының кеңеюіне байланысты біріншіден, қатал бәсекелестік орта қалыптасып, тұтыну капиталы және оның үстемдігі, нарықтағы билігі күшейді.

Екіншіден, мемлекеттің бизнеске араласуының төмендеуі, оның әлеуметтік жауапкершілігінің ұлғайуы, еңбектің трансформациялануы секілді әлеуметтік өзгерістер жүзеге асырылды. Сонымен қатар, технологиялық өзгерістер де жүзеге асырылып, жаңа технологиялар мен ақпараттық материалдарға инновациялық несие беру ұлғайды, яғни ақпараттық технологиялардың бизнеске ықпалы қатты әсер еткендігін көрсетті.

6. Электрондық бизнестің өндірістік функция түріндегі құрастырылған үлгісі негізінде электрондық бизнестің қызмет етуінің экономикалық құрылымдық үлгісі өңделді. Ол электрондық бизнестің автор ұсынған өндірістік функциясының математикалық үлгісін, құрылымдық сипаттағы бейнелеу арқылы толықтырылып жасалды. Бұл үлгінің түрі электрондық бизнестің экономикалық тегігін түсінуге, бизнес-үрдістерді бөлек түрде үлгілеп, компания жетекшілерінің өз әрекеттерін жетілдіре түсуіне, әрі компания болашағын ғаламдық интегрирленген желімен біріктіруге және желі ортасындағы компанияның қызметін қайта ұйымдастыруда туындауы мүмкін тәуекелділіктерді алдын ала байқап, оны азайтуға мүмкіндіктер береді.

7. Қазіргі уақыттағы компания қызметінде зияткерлік капитал табиғи түрдегі капиталдан әлдеқайда көбірек қолданылып, оның ішінде адам капиталының үлесі ұйымдастырушылық және тұтынушылық капитал түрлеріне қарағанда әлдеқайда маңызды бөлікті құрайды.

Адам капиталын үнемі оның өсіп отыруына байланысты анықтауға болады. Оның әртүрлі әдістері болғанымен, әрбір компанияда ол өздеріне сәйкестендіріліп қалыптасуы қажет. Осыған байланысты электрондық бизнеске қажетті фактордың бірі – адам капиталын бағалау әдісі келтіріледі.

Мамандардың біліктілігін есептеп бағалауда СВА ыңғайын ескере отырып, адам капиталын: аз командалар құрылымы, жеке қатысушылық, үздіксіз білім жетілдіру, қызметтегі функцияларды икемділікпен алмастыра білу, әр маманның жоғары жауапкершілігі, біліктілігі мен қабілеттілігі, еңбек мәдениеті, ұжыммен жұмыс жасауға психологиялық сәйкестігі, денсаулығының кәсіптік жарамдылығы секілді бөліктерге бөліп қарастыру арқылы бағалау әдісі жасалған. Өте жақсы жағдайда ол бөліктердің әрқайсысы 100 балдан тұрады деп ұйғарылып, арнайы кәсіби комиссия әр адамның нақты деңгейін бағалайды. Формула арқылы компаниядағы адам капиталының даму жағдайының индексі бағаланады. Осыған байланысты, индекс шамасына қарай, қажетті қызмет талаптарына сәйкес менеджердің білімін белгілеу матрицасы қарастырылып, маманның біліктілігі анықталады.

8. Электрондық бизнеске мемлекет және компаниялар тарапынан аса зор көңіл бөлінетін себебі, оның негізгі артықшылығына экономикалық тиімділігі жатады. Қосымша табыстар алуда бизнесті электрондық түрде ұйымдастырудың ерекшеліктеріне тек қана шығындардың қысқаруы ғана емес, сондай-ақ, өнімділікті де біршама жоғарылату жатады. Электрондық бизнестің экономикалық тиімділігін қарастырғанда, өнімдерді дайындау технологиясын өңдеуге кететін шығындар бастапқы уақыттарда жалпы шығындардың көп бөлігін құрайды. Бірақ, әрі қарайғы өндірісте капитал салымы біртіндеп азаяды. Электрондық бизнесте дәстүрлі бизнестегі кемімелі табыстың орынына, өспелі шекті табыс орын алады. Бұл жердегі шекті табыс бірден өте жоғары қарай бағытталған «тіктеу» қисықпен анықталып, оның жоғары жағында иілу нүктесінің болмауымен ерекшеленеді. Бұл жерде бизнес-үрдістерге ақпараттық технология жетістіктерін қолдану нәтижесінде шығындар біршама төмендеп, табыс едәуір жоғарылайды.

Электрондық бизнес, бұдан басқа, тұтынушылардың өнімдерді сатып алатын біраз уақыттарын үнемдеп, компаниямен тәуліктің кез-келген

уақытында байланысқа түсулеріне және тауарларды жедел түрде іздестіруге, әрі, оларға жеке қызмет көрсетуге мүмкіндіктер береді. Компания бір уақытта жеткізіп берушілер мен тапсырыс жасаушылардың ғаламдық нарығына шығып, тұтынушылармен кері байланыс орнатады және маркетинг жағдайын да жақсартады.

9. Қазақстан Республикасының Парламенті мен Үкіметі «Электрондық бизнеске салық салу туралы» және «Зияткерлік меншікті қорғау мен салық төлеу туралы» заңдарды дайындап және оларды қабылдағандары дұрыс. Өкінішке орай, Қазақстан Республикасында электрондық бизнесті реттеу кешендік түрде дамымаған. Бұл қазіргі ғаламдану уақытында және бизнестің дамуы барысында өзекті және қажетті болып отыр. Сондықтан да, Қазақстанда электрондық түрдегі нарықты кеңейтіп, электрондық төлем жүйелерін ұйымдастыру және олардың айналымын бақылау, электрондық бизнестегі тауарларды Интернет пен ондағы электрондық пошта арқылы сату үрдісіндегі салықтар мен кедендік баж салықтарын төлеуді шешу, зияткерлік меншікті қорғап, электрондық бизнесті дамытудың мемлекеттік бағдарламасын өңдеу және оны жүзеге асыру қажет. Электрондық бизнестегі салық салу мәселелерін шешуде салықтық заңнаманы стандарттаған дұрыс. Зияткерлік капиталға салық салу және халықаралық деңгейдегі электрондық бизнестегі табыстарға салынатын салық мәселелерін шешуде көпшіліктің айтып жүрген бірінғай ортақ «ғаламдық салық» ендіру пікірлерін қолдау ұсынылады.

Электрондық бизнеспен айналысатын Қазақстандық компаниялар, шетелдік компаниялардың жұмыс жасау тәжірибелеріне қарай отырып, жоғарыда аталған заңдардың жобалары бойынша өз ұсыныстарын дайындаулары қажет.

10. Қазақстан компанияларында электрондық бизнесті ендіруде келесі тізбектерді жасау ұсынылады: дәстүрлі бизнестің кемшіліктерін байқап, оны ұйымдастырудың жаңа құрылымын өңдеу, жаңа басқару құрылымының ішкі бөлімшелік құрылымдарындағы жұмыстар тізімін құрастыру, электрондық бизнеске көшудегі әрбір ішкі бөлімшелік құрылымдардағы бағдарламаларды жасау, оны өңдеуге және ендіруге кететін шығындарды нақтылау, барлық құрылымдық ішкі бөлімшелер бойынша қорытынды шығындарды есептеп, электрондық бизнесті ендірудің экономикалық тиімділігін анықтау қарастырылады.

Диссертациялық жұмыстағы осындай ғылыми тұрғыдан негізделген тұжырымдар мен ұсыныстар ғаламдану жағдайындағы отандық экономикада электрондық бизнестің дамуын жылдамдатып, оның толыққанды қызмет етуін түбегейлі қалыптастыруға қажетті теориялық, әдістемелік және тәжірибелік алғышарттарын жасауға бағытталды.

ДИССЕРТАЦИЯ ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ЖАРИЯЛАНҒАН ЕҢБЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Нарыққа барар жолдағы Қазақстанның ғылыми-техникалық саясаты. В кн: «Казахстан в период становления рыночных отношений», Алматы: Экономика, 1994 г. – С.150-156.

- 2 Қазақстанның дамуы және экономикалық реформация. В кн: «Қазақстан на пути к рынку», Алматы: Экономика, 1994 г. – С.88-96.
- 3 Экономикадағы ақпарат жүйелері. Оқу құралы. – Изд. «НҰР», 2001 ж. – 92 б. – 6 б.т. (өзге авторлармен бірге, жеке үлесім 2 б.т.).
- 4 Аграрлық сектордың азық-түлік нарығына әсерін жетілдіру // Қазақстан Республикасының ғаламдану жағдайындағы ұлттық экономикасы: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 1-бөлім. – Алматы: Экономика, 2002. - 174-177 б.
- 5 Ақпараттық жүйелер теориясы. Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2002. – 184 б.
- 6 Информационное обеспечение плана производства в условиях рынка // Труды 3-й международной научно-практической конференции «Энергетика, телекоммуникации и высшее образование в современных условиях», Алматы, 2003. – С.366-369.
- 7 Ауыл шаруашылық өнімдерін сатудағы тиімді бағаны үлгілеу // Саясат. – 2004. – №5. – 61-62 б.
- 8 «СУБД ACCESS» статистикалық ақпарат жүйесі – отандық жаңа технология // Труды международной научно-практической конференции «Экономические ориентиры на пути ускоренной модернизации», III часть, Алматы: Экономика, 2005. – С.74-80. (өзге автормен бірге, жеке үлесім 0,3 б.т.).
- 9 Ғаламдану жағдайындағы экономикалық ақпараттық технологиялар // Материалы международной научно-практической конференции «Конкурентоспособность национальной экономики в контексте устойчивого развития», – Алматы: КазНПУ им Абая, 2005. – С. 135-139.
- 10 Қазіргі электрондық бизнестің даму барысы // Аль Пари. – 2006. – № 2. – С.34-36; а также Научно-педагогический журнал. – 2006. – №2. – С. 138-141.
- 11 Электрондық бизнесті зерттеудегі экономика-математикалық әдістер // Материалы международной научно-практической конференции «Қазақстан: конкурентоспособность и модернизация» (Первые Рыскуловские чтения в КазЭУ им. Т.Рыскулова) – Алматы, – 2006. – С.321-323.
- 12 Электрондық бизнесті ұйымдастыру мәселелері // Материалы международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы экономики, экологии, технологии добычи нефти и газа, обустройства и машиностроения нефтегазового комплекса», – Атырау: АИНГ, 2006. – С. 185-188.
- 13 Применение производственной функции в экономическом анализе // Материалы международной научно-практической конференции «Развитие экономической мысли в Казахстане» в честь 80-летия профессора Д.К.Кабдиева, – Алматы: Экономика, 2006. – С.357-362.
- 14 Бизнес үрдістерін жүргізудегі инновациялық технологиялар // ҚазЭУ хабаршысы. – 2007. – №1. – 71-76 б.
- 15 Білімді коммерциализациялау оқу үрдісіндегі инновациялық технология ретінде // Материалы II Республиканской учебно-методической конференции «Непрерывное экономическое образование: модернизация,

обучения непрерывного образования». Часть 1. – Алматы: Экономика, 2007. – С.277-282.

16 Экономикалық теория негіздері: Қысқаша лекциялар курсы Алматы: Экономика, – 2007. – 188 б. (өзге авторлармен бірге, жеке үлесім 4 б.т.).

17 Оценка человеческого капитала компании // САЯСАТ-POLICY. – 2007. – №10. – 31-35 б. (өзге автормен бірге, жеке үлесім 0,3 б.т.).

18 Нарықтардағы тепе-теңдік үшін математикалық үлгілеу негізіндегі классикалық және кейінгі ғылымдарды қолдану ерекшеліктері // Материалы III Республиканской учебно-методической конференции «Непрерывное экономическое образование: модернизация обучения и методического обеспечения» – Алматы: Экономика, 2008. – Ч2. – С. 138-144.

19 Жалпы ішкі өнімнің экономикалық өсуге әсері // Экономика негіздері. – 2008. №1. – С.11-13. (өзге автормен бірге, жеке үлесім 0,3 б.т.).

20 Интеллектуальная собственность: содержание, проблемы защиты. Учебно-методический комплекс для направления подготовки магистрантов специальности «6N050 - Экономика». Алматы: Экономика. – 2007. – 56 б.

21 Зияткерлік меншік: мазмұны, қорғау мәселелері пәнінің оқу-әдістемелік кешені «6N050 - Экономика» мамандығының магистранттарын даярлауға арналған. Алматы: Экономика. – 2007. – 52 б.

22 Қазақстан экономикасындағы инвестициялық саясат барысы // ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы. – 2008. – №2. – С.56-60. (өзге авторлармен бірге, жеке үлесім 0,3 б.т.).

23 Модернизация государственной политики в области национальной инновационной системы Республики Казахстан // Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 75-летию КазНУ им. аль-Фараби, от 13-14 ноября – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – С.88-99. «Конкурентоспособность экономики Казахстана: ускоренная модернизация национальной экономики и развитие корпоративных структур». (өзге авторлармен бірге, жеке үлесім 0,5 б.т.).

24 Зияткерлік меншікті бағалаудағы деректер мен әдістер. Материалы IV Республиканской учебно-методической конференции «Непрерывное экономическое образование: модернизация обучения и методического обеспечения» – Алматы: Экономика, 2009. – Ч3. – С. 171-176.

25 Русско-англо-казахский словарь менеджера / Под ред.. К.Е. Кубева, А.А. Рамазанова и др. – Алматы: «Триумф “Т”», 2009. – 400 с. (өзге авторлармен бірге, жеке үлесім 1 б.т.).

26 Национальная экономика: Учебник / Под ред. А.В. Сидоровича и А.А. Абишева – Алматы: Экономика, 2009. – 489 с. (өзге авторлармен бірге, жеке үлесім 1 б.т.).

27 Әлемдік дағдарысқа қаржылық жүйенің әсері // IV Рысқұлов оқулары. «Ғаламдық экономикалық дағдарыс: себептері, мәні және еңсеру жолдары» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 3 бөлім. – Алматы: Экономика, 2009. 589-593 б.

28 Бизнес үрдістеріне ақпараттық жүйе үлгілерінің ықпалы // Материалы международной научно-практической конференции «Модернизация основных

фондов – основа перехода к устойчивому экономическому развитию» – Алматы: «Экономика», 2009 г. С.219-224.

29 Теоретическая модель развития аграрного производства в условиях инновации // Сборник трудов международной научно-практической конференции «Қишлоқ тараққиоти ва аҳоли турмуш даражасини оширишда банк-молия тизимининг урни» – Ташкент: «МОЛИЯ», 2009 г. С.68-70.

30 Электронный бизнес – основа периода метакapитализма // Экономика и статистика. – 2009. – №4. – С.16-21.

31 Анализ готовности населения к информационному обществу в Казахстане // ҚазЭУ хабаршысы – 2009. – № 6. – С.327-332.

32 Современные системы взглядов на электронный бизнес // Аль-Пари. – 2009. – № 4. – С. 45-47.

33 Қазақстандағы компаниялардың электрондық бизнеске дайындық жағдайы // Ізденістер, нәтижелер – Исследования и результаты (КазНАУ) – 2009. – № 4. – 218-221 б.

34 Электрондық бизнестің еңбек трансформациясына ықпалы // Вестник КазАТК им. М. Тынышпаева – 2009. – №6. – 209-213 б.

35 Методы оценки интеллектуальной собственности // Вестник ИСИТО. – Бишкек, 2009. – №12. – С. 21-23.

36 Производственная функция электронного бизнеса // Вестник КРСУ. — Бишкек, 2009. Том 9, №10 – С. 178-182.

37 Assessment of intellectual capital // Приднепровский научный вестник. – 2009. – №13 (102). – С.26-32.

38 Білім беру үрдісіндегі электрондық бизнес үлгілері // «Үздіксіз экономикалық білім беру: оқытуды және әдістемелік қамтамасыз етуді модернизациялау» атты V Республикалық оқу-әдістемелік конференциясының материалдары. – Алматы: Экономика, 2010. – 4 бөлім. – 36-40 б.

39 Электрондық бизнес. Монография. – Алматы: Экономика, 2010. – 280 б.

40 Трансформация капитала в условиях инновационной экономики // Экономика и финансы. – Ташкент, 2010. – №1-2. – С. 43-45.

РЕЗЮМЕ



0425

на автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора экономических наук по специальности 08.00.01 – Экономическая теория

Байшоланова Карлыгаш Советовна

Экономико-теоретические аспекты функционирования и развития электронного бизнеса

Объект исследования – субъекты электронного бизнеса Республики Казахстан.

Предмет исследования – экономические отношения, возникающие в процессе формирования и функционирования электронного бизнеса.

Научная новизна диссертации заключается в комплексном подходе к решению теоретических и практических проблем организации и функционирования электронного бизнеса, в разработке рекомендаций по его совершенствованию и устойчивому развитию.

В рамках диссертационного исследования получены следующие результаты:

1. Авторское определение электронного бизнеса как процесс, который осуществляется в условиях глобализации на основе информационной технологии с обеспечением качества, стандартизации бизнес-процессов, организованных в коммуникационной сети.

2. Научная концепция, представляющая собой совокупность теоретико-методологических положений о трансформации структур капитала, труда и научно-технического прогресса, ставшая предпосылкой электронного бизнеса при изменении структуры капитала за сто лет от 80 долей физического и 20 интеллектуального к структуре, соответственно – 30/70 долей.

3. Диалектический подход к трансформации труда и качественного воздействия на него эффективного электронного бизнеса. Труд прошел путь от физического преобладания до интеллектуального преобладания труда, который позволил управлять этими знаниями. Показано, что этапы технологического развития общества определены характером труда в бизнесе от ручного до нанотехнологии.

4. Разработка методологической структуры электронного бизнеса. Предложения принципов электронного бизнеса. Определено влияние экономической глобализации на формирование электронного бизнеса в Республике Казахстан. Электронный бизнес при прочих равных условиях начинает эффективно «работать» при международной подвижности факторов производства. Поэтому экономическая глобализация является одним из условий функционирования электронного бизнеса. Интернет-система, являясь инструментом электронного бизнеса, имеет свой смысл только в условиях глобализации. В диссертации экономическая глобализация берется в качестве предпосылки электронного бизнеса.

5. Математическая модель производственной функции электронного бизнеса. Суть модели заключается в том, что капитал и труд разделен на два типа – физический и интеллектуальный, научно-техническая составляющая разбита на информацию и знание.

6. Экономическая модель электронного бизнеса, носящая структурный характер.

7. Предложения по усилению государственного регулирования электронного бизнеса, продвижению информационных технологий в государственное управление, подготовке населения к работе с глобальной сетью Интернет при общении с государственными органами и компаниями Республики Казахстан.

8. Обоснование на теоретическом уровне экономической эффективности электронного бизнеса, как изменение предельной доходности, снижение затрат и рост производительности труда. Предельная доходность электронного бизнеса определяется повышенной «крутизной» и отсутствием точки перегиба в верхней части кривой, существенно снижаются затраты и увеличивается доход за счет информатизации бизнес-процессов.

9. Методика оценки человеческого капитала, основанная на методике СВА с учетом компетентности индивида. Предлагается матрица идентификации знания менеджера, соответствующая предъявляемым требованиям к занимаемой должности и уровню компетентности.

10. Предложение необходимых мер по внедрению электронного бизнеса в казахстанских компаниях.

Практическая значимость диссертационной работы определяется сформулированными научными и практическими предложениями, направленными на ускорение развития электронного бизнеса, который неумолимо продвигается по планете с «подгоняющей» системой Интернет. Ускоренное развитие электронного бизнеса направлено на инвестиционную привлекательность и конкурентоспособность казахстанского бизнеса.

Апробация и внедрение научных результатов. Результаты исследования докладывались на международных научно-практических конференциях, а также были использованы в написании учебника «Национальная экономика» (в соавторстве) и учебных пособий «Ақпараттық жүйелер теориясы», «Экономикадағы ақпарат жүйелері» (в соавторстве), «Экономикалық теория» (в соавторстве), а также в разработке учебно-методического комплекса по дисциплине «Интеллектуальная собственность: содержание, проблемы защиты».

Отдельные положения исследования были внедрены в деятельности совместного нефтедобывающего предприятия Ембаведойл, ТОО «НефтеГазСервис ЛТД» и фирме «AGROCAPITAL INDUSTRIES LLP», в научно-исследовательской работе «Обоснование направлений и механизмов повышения инновационной активности хозяйственных систем, как фактора обеспечения национальной конкурентоспособности», выполняемой по гранту МОиН РК 2007 года, а также в учебном процессе по курсам «Основы национальной экономики» и «Микроэкономика» в КазЭУ им. Т. Рыскулова.

SUMMARY

of the dissertation for the scientific degree of doctor of economic sciences on
speciality 08.00.01 – economic theory

Karlygash Sovetovna Baisholanova

Economic and theoretic aspects of electronic business functioning and development

The object of research – entities of electronic business in the Republic of Kazakhstan.

The subject of research – economic relations of electronic business entities. The scientific novelty of the dissertation lies in the complex approach to the settlement of theoretical and practical problems of electronic business organization and functioning, in elaboration of recommendation on perfection of its stable development.

In the framework of the dissertation research the following results have been obtained:

1. The author gives the definition and the functioning principles of electronic business which is carried out under conditions of globalization on the basis of information technology with quality provision, standardization of business processes in communication network.

2. The scientific concept being a complex of theoretic provisions of the transformation of capital and labour structure, scientific and technical progress has brought electronic business and business processes organization to electronic means which have defined the change of its structure for 100 years from 80% shares of physical and 20% shares of intellectual to the structure of 30%-70% shares.

3. The stage approach to labour transformation and electronic business influence on it. The labour passed the stage of physical predominance to intellectual predominance and management. It has been stated that the stages of technological development of the society are defined by the character of labour in business: manual labour, mechanization, automation, microelectronics, information, network technology, biotechnology, nanotechnology.

4. The influence of economic globalization on electronic business in the Republic of Kazakhstan is defined. Electronic business under other equal conditions starts to function efficiently provided the international mobility of production factors. Therefore economic globalization is one of the conditions of electronic business functioning. The Internet system being an instrument of electronic business is meaningful only under conditions of globalization. In the dissertation the economic globalization is considered as prerequisite of electronic business. The principles of electronic business and electronic commerce are offered on the basis of methodological approaches.

5. The mathematic model of productive function of electronic business. The essence of the model lies in the fact that capital and labour are divided into physical

and intellectual the scientific and technical composition is divided into information and knowledge.

6. The economic model of electronic business, which bears a structural character is worked out. The basis of the model is an offered mathematic model of the productive function of electronic business.

7. The author has worked out propositions on enhancing the state regulation and promoting electronic business, applying information technologies in the state management and readiness of the population to work with the global network - Internet in communication with the state bodies and companies in the Republic of Kazakhstan.

8. The economic efficiency of electronic business as the alteration of utmost profitability, the reduction of expenses and the growth of labour productivity has been substantiated. The utmost profitability of electronic business is defined by increased steepness and absence of bend point in the upper part of the curve, the expenses are reduced substantially and the profit is increased at the expense of business processes informatization.

9. The methods of human assets evaluation based on the CBA methods of competence record have been elaborated. The author offers the matrice of identification of a manager's knowledge with demands of appropriate activity which enables to define the level of personnel competence.

10. The necessary measures to introduce electronic business in Kazakhstani companies have been worked out.

The practical significance of the dissertation work is defined by formulated scientific and practical propositions aimed at the acceleration of electronic business development which is inexorably moving forward all over the world with the driving Internet system. The accelerated development of electronic business is aimed at investment attractiveness and competitiveness of Kazakhstani business.

Approbation and introduction of scientific results.

The results of the research have been reported at the international scientific practical conferences and also have been used in writing the textbook "National economy" and the teaching aids "Theory of information systems", "Information system in economics" (in co-authorship), "Theory of economics" (in co-authorship) and also in elaboration of the methodological teaching compound of the discipline "Intellectual property: content, problems of protection".

Some provisions of the results have been introduced into the performance of the joint oil-extracting enterprise "Embavedoil", "Nefte-Gas-Service Ltd" and the firm "Agrocapital Industries LLP", in the scientific research "Substantiation of guidelines and mechanisms of innovation activity increase of economic systems as the factors of providing national competitiveness", accomplished on the grant given by the RK Ministry of Education and Science 2007, and used in the educational process in the courses "Fundamentals of national economy" and "Microeconomics" in KazEU named after T.Ryskulov.

БАЙШОЛАНОВА ҚАРЛЫҒАШ СОВЕТОВНА

**Электрондық бизнес дамуының және қызмет етуінің экономика-
теориялық аспектілері**

08.00.01 – экономикалық теория

**Экономика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу
үшін дайындалған диссертацияның**

Авторефераты

**Басуға 12.05.2010 қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16. Офсеттік қағаз. Әріп түрі
“Таймс”. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 2,5. Таралымы 150 дана.
Тапсырыс № 240**

**“Әрекет-Принт” баспаханасында басылды.
050036, Алматы қаласы, 12 –ықшамаудан,
16-үй, 69-пәтер
Тел. 221-84-55**